Алтыншы тапсырма тікелей білім саласына бағытталды. Ұлттық қордан бөлінетін қаржы әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамытуға жұмсалады. Бірінші кезекте, бұл – апатты мектептер мен үш ауысымда оқыту проблемаларын шешу. Үшжылдық бюджетте қарастырылған қаржы бұл проблеманы 2017 жылға дейін шешуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан Үкіметке қосымша 70 миллиард теңге бағыттауды тапсырды. Мектепке дейінгі мекемелерде орындар тапшылығын түбегейлі қысқарту үшін 3 жыл бойы қосымша 20 миллиард теңге бағыттауды тапсырамалар берді. «Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де Мәңгілік ел деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю - бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу. Оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні - осы!», - деді Президент.

Индустрияландыру бағдарламалары шеңберінде базаларында ғылымның экономика салаларымен және мамандар дайындаумен байланысы қамтамасыз етілетін 10 ЖОО анықталды. Осы мақсаттарға 2017 жылға дейін **10 миллиард** теңге бағыттап отырып, осы жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасын қалыптастыруды тапсырамын.

Жетінші. Шағын және орта бизнес пен іскерлік белсенділікті қолдау бойынша жұмысты жалғастыру қажет

Еліміздің басты құндылығы елдегі бейбітшілік пен бірлік, экономиканың тұрақтылығы, этносаралық татулық пен толеранттылық екенін жастар түсінуі тиіс. Отбасындағы береке, адамдардың қауіпсіздігі, еңбекпен қамтамасыз етілуі, яғни бейбіт өмірдің іргетасының беріктігі сайып келгенде тыныштыққа тәуелді екенін ешқашан ұмытуға болмайды. Елбасының «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы біздің еліміздің ертеңінің жарқын, болашағының бақытты екеніне тағы да сендіре түсті. Еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жолдауы әрбір адамның өміріне әсер етуімен де бағалы. Бұл Жолдауда алға қойылған міндеттерді ынтымағымызды ұйыта түсетін, ілгерілеуімізге серпін беретін, рухани жаңғыруға жағдай жасайтын нұрлы жол деп білу керек. «Үйдегі ойды базардағы нарық бұзады» деген ғой халқымыз. Әлемде 2007 жылы басталған қаржы дағдарысының сызы әлі кеткен жоқ. Елбасы бастаған экономикалық саясаттың арқасында 2007-2009 жылдардағы қылбұрау қиындықтан Қазақстан аман шыққан болатын. Одан кейінгі жылдары даму бағдарламалары Қазақстанды озық 30 елдің қатарына қосуды міндеттеген еді. Қазір елімізге әлемді шарпып отырған қаржы дағдарысынан айналып өту әрі даму міндеті қойылып отыр. Уақыттың күрделілігі де осы болса керек. Осы жолдауда Елбасы жаңа экономикалық саясатты жариялады. Онда қаржы дағдарысына қарсы шаралармен қатар, елдің дамуы және әлеуметтік көркеюіміз қамтылған. «Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясаты – әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына кіруге жасалған ғаламат қадам» – деп көрсетті Елбасы Жолдауында. Болашақты болжай білетін басшымыздың сындарлы саясаты арқасында қазақстандықтар болашаққа сенімді отыр.

Біз Жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы Жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан-2050» Стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел! Ол – барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы.

Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні – осы!

«Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді. Жалпыұлттық идеяны өміршең ететін – Елдің бірлігі. Ауызбіршілік қашқан, алауыздық тасқан жерде ешқашан да жалпыұлттық идеялар жүзеге асқан емес. Қазақстанның шыққан шыңы мен бағындырған биіктерінің ең басты себебі – бірлік, берекесі.

Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеттік. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз.

2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. **Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Женістің 70 жылдығын** атап өтеміз. Осынау тарихи белестер Жаңа Қазақстандық Патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөлге ие. **2015 жылды Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы** деп жариялады. Елдің тұтастығы мен бірлігі, татулығы мен тыныштығы ең басты назарда.

Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстан халқына арнаған Жолдауларының барлығында жастардың елдің ертеңі екенін нақтылады. Мәңгілік Ел идеясы жастардың жастанып жатар құндылығы болуы керек. Біз ұстаздардың білімін жетілдіретін білім ордасы болғандықтан, Елбасы айтқан Мәңгілік Ел ұғымын жас ұрпақтың тәрбие тірегі етіп аламыз. Бүгінгі оқушы, ертеңгі жас маман елін сүйсе, елі мен жерін көркейту оның қолынан әбден келеді. Әр жас өзінің меңгерген мамандығы арқасында елінің дамуына үлес қосуға ұмтылады. Жолдау да осыған бағыттайды.

Ел бірлігі – біздің барша табыстарымыздың кілті. Тұрақты дамудың қазақстандық моделі бүгінде бүкіл әлемге үлгі. **Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерейтойын** және халықаралық **ЭКСПО-2017 көрмесін** табысты өткізіп, еліміздің әлеуетін әлемге паш етеміз. Ұлы жолдағы сапарымыз сәтті, болашағымыз жарқын болсын!

ӘОЖ: 02.03.2002. 12.10.2004.10.03.2008.04.12.2010.13.03.2013

Бастықова С., Түркістанбаева Г., Сопиева С., Мейірбекова А., Бүркіт Ә.Қ.

«Балбөбек» бала – бақшасы, «Мәдени» жалпы орта білім беретін мектебі, Төлеби ауданы, ОҚО,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ЗАМАНАУИ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ТАҚТА ҚҰРАЛЫ – КӨРНЕКІЛІК ПРИНЦИПТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҚҰРАЛЫ

Аңдатпа: Бұл мақалада қоғамның жоғары деңгейде ақпараттандырылуы, заманауи ақпараттық-телекоммуникациялық технология құралдарының оның ішінде компьютерлік технология құралдары мен интербелсенді тақта құралдарының білім беру жүйесінде кеңінен қолданылууда. Интербелсенді тақта құралдарын бала-бақшадан бастап жалпы орта мектепте, жоғары оқу орындарында қолдану – заман талабынан туындап отырғандығы қарастырылған.

Кілттік сөздер: педагогика, бала-бақша, мектеп, жоғары оқу орыны, ақпараттық технология, әдіс, әдістеме, оқыту, көрнекілік принцип, интербелсенді тақта.

Оқу үдерісінде қолданылатын көрнекілік принципінің мәні туралы Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев былай дейді: «Оқыту үдерісінде сөз бен іс, теория мен практика өзара байланысты болады. Әртүрлі көрнекілікті қолданудың нәтижесінде оқыту үрдісі әрі түсінікті, әрі қызықты болып өтеді. Мысалы, балаларға интербелсенді тақтада жаңа ақпаратты демонстрациялап өткізу өте тиімді және нәтижелі болады. Көрнекілік абстракты ұғымды игеруге әсер етеді. Сонымен, көрнекілік принципінің оқыту материалдарын, әсіресе, теориялық ережелерді терең оқуда, берік есте сақтауда алатын орыны ерекше».

Ә.Бидосов [1,2] көрнекілік принципін жүзеге асыру нақтылық пен абстрактылықтың бірлігі ретінде атап көрсеткен. Мұның мәні оқытудың әрбір сатысында, білім игеру логикасының желісін басшылыққа ала отырып, сол білімдердің айрықша фактілері мен балалардың байқауларының ғылыми ұғымдар мен теориялардың алғашқы бастамаларын тауып, жеке затты қабылдаудан жалпылыққа, нақтылықтан абстрактілікке және керісінше жалпылықтан жекелікке, абстрактіліктен нақтылыққа көшу заңдылықтарын анықтау болып табылады. Сонымен қатар оқу үдерісіне интербелсенді тақта құралдарын пайдаланғанда бірқатар әдістемелік талаптарды орындаған жөн екені ескеріледі: интербелсенді тақта құралдары мақсатқа сәйкес іріктелуі тиіс, оны пайдаланғанда балалардың бейнені дұрыс қабылдауын қамтамасыз ету үшін, құралдың неғұрлым маңызды жақтарына назар аударған жөн; балабақшада болсын, мейлі мектепте болсын, жоғары оқу орындарында да көрнекі құралдар шамадан тыс көп қолданылмағаны дұрыс, яғни мақсатқа жетуге қажеттілерін ғана пайдаланған маңызды. Егер бірнеше көрнекі құрал көрсетілуі керек болса, олардың бәрін бір уақытта емес, әрқайсысын қажетінше кезегімен кешенді түрде пайдаланған орынды.

Әуақытта да тәрбиешінің, мұғалімнің өзінің баяндауы мен көрнекілікті үйлестіруі елеулі роль атқарады. Дидактикада үйлестірудің екі тәсілі белгілі. Біріншісінде көрнекі құрал мұғалімнің түсіндіруінен бұрын көрсетіледі. Бұл жағдайда мұғалім балалардың іс-әрекетін, байқағыштығын бақылай отырып, керегінше мағлұмат алуына жетекшілік етеді. Екіншісінде көрнекі құралды көрсетуден бұрын мұғалім оқу материалын түсіндіреді.

Бұл екі тәсілдің біріншісі тиімдірек, себебі ол қажетті білімді меңгеруді қамтамасыз етумен бірге, оқушылардың байқағыштық қабілеттерінің өрістеуіне көмектеседі. Бірақ, көрнекі құралдарды шамадан тыс қолдану балалардың ойлау қабілетіне кері әсер ететінін ескерген жөн.

А.Е.Әбілқасымова, А.К.Көбесов, Д.Рахымбек, Ә.С.Кенеш [3] былай дейді: Оқу материалын қабылдау - талдау және жалпылау үдерісінің мәнінен туындады. Оқу барысының әр түрлі кезеңдерінде көрнекілік түрліше функциялар орындайды. Ескеретін бір нәрсе, көрнекілікті қалай болса солай қолдана бермей, тек қажеттілігіне, тиімділігіне қарай пайдалана білудің маңызы зор.

Я.А.Коменский (1592-1670) «Дидактиканың алтын ережесі» деп аталатын көрнекі оқыту принципінің негізін қалады. Ол көрнекілікті адамның әртүрлі сезім мүшелері көмегімен қабылдайтын объекті немесе құбылыс жайлы сенімді ақпаратты алуға мүмкін болатын компонент ретінде түсінеді, «...барлығын тек сезімдік қабылдаулармен, атап айтар болсақ: көруді - көру сезімдерімен, естуді - есту мүшелерімен, иісті - иіс сезу мүшелерімен, дәмді - дәм сезу мүшелерімен, жанасуды – сипау арқылы сезінуге болады. Егер қандай да затты бірнеше сезім мүшелерімен қабылдауға болатын болса, онда ол бірден бірнеше сезімдік қабылдауларды қамтиды» [4-5].

Чех педагогы табиғаттағы заттарды тікелей қабылдау арқылы үйренуден бастауды, ал егер мұндай зат (құбылыс) болмаса, онда оны оның кескінімен немесе көшірмесімен алмастыруды ұсынды. Я.А.Коменский адам білімді өзіндік бақылау жасау жолымен алуы тиіс деп үйретеді. Я.А.Коменский көрнекілік мәселесіндегі негізгі орынға көру қабілетін қойды. Оның «Суреттердегі сезімтал заттар әлемі» оқулығы көрнекілік принципі негізінде жазылған алғашқы кітап болды (оны тілді оқытуда ұзақ пайдаланды). Осылайша, Я.А.Коменский көрнекілікті сезімдік таныммен байланыстырса, ал бақылауды кез-келген білімді алудың негізі деп есептеді.

Қ.Жарықбаев: «Байқау дегеніміз – белгілі мақсат пен объектіні әдейілеп қабылдау. Байқау үшін белсенді ой жүгірту, арнайы зейін қою, байқау нәтижесін сөзбен айтып отыру ерекше маңыз алады» деді. И.Г.Песталоцци (1746-1827) бақылауды абстрактілік ойлауды дамыту үшін алғашқы қадам деп есептеді. Ол көрнекілікке едәуір терең негіздеу берді. Ол кез келген танымның абсолюттік негізі ретіндегі көрнекілік принципін енгізді.

И.Г.Песталоцци сезім мүшелерінің қоршаған әлемді тікелей қабылдауы жайлы айта отырып: «...сезімдік қабылдау адамдық танымның жалғыз негізі болып табылады. Бұдан кейінгі келетіндердің барлығы да осы сезімдік қабылдаудың қарапайым нәтижесі немесе абстракциясы» деп жазады. Ол көрнекілік балалардың ақыл-ой қабілетін арттырып, сөйлеу қабілетін дамытудың құралы деп ұйғарды. Оның пікірі бойынша, бақылау үш сатыны қамтиды: бала алдында қанша зат бар; олардың формалары қандай; бұл заттар қалай аталады.

И.Г.Песталоццидің пікірі бойынша, көрнекі оқыту мәні оқушының ойлау мен сөйлеу қабілетін дамытуға көмектесіп, бөліктен бүтінге біртіндеп көшуге мүмкіндік беретіндігінде болып табылады.

Неміс педагогтары И.Ф.Герbart (1776-1841), А.Дистервег (1790- 1886), Я.А.Коменский балалардың білімін дамыта отырып, көрнекі оқыту әдістемесін мұғалімнің сабақта пайдалануының талаптарын жасады:

- затты өте ұзақ демонстрациялауға болмайды, бір затты демонстрациялай беру оқушыны жалықтырады;

- сабақта көрнекіліктің сан алуан түрлері қолданылуы тиіс;

- мұғалім көрнекі құралды пайдалана отырып, қабылдау механизмі, көрнекі құралдарды пайдаланудың тұтастығы, бірізділігі мен әдістемесі жайлы мәселелерді есте ұстауы шарт;

- жақыннан алысқа, жеңілден салмақтылығына, қарапайымнан күрделіге біртіндеп сатылай шығармашылықпен оқуға өту керек.

И.Ф.Герbart қандай да бір объекті мен құбылысты тікелей қабылдау мен зерттеу алдында балалар бақылайтын затпен танысып, оны айқындаудың қажеттілігін көрсету керек деп есептейді.

Неміс педагогы Ф.Фребель (1782-1852) көрнекілікті жетілу мен белсенділік ретінде қарастырды. Көрнекі құралдар көмегімен жетілу арқылы түсініктер мен ұғымдар қалыптасады. «Бала пісіп жетілгісі келсе, мұны ол өз қолымен жасасын». Фребель еңбегі оның көрнекі оқытудағы шығармашылық және белсенділік компоненттеріне ерекше орын беруінде болып тұр. Сол заманғы барлық педагогтар сияқты көрнекі оқыту жайлы айта отырып, қоршаған ортаны сезім мүшелерімен тікелей қабылдау деген көзқараста болған ол, көрнекі оқыту әдістемесін жасағанымен, бірақ көрнекі оқытуды, мақсат категориялар мен шығармашылықтың өзара байланысы жайлы мәселе ашық түрде айтпады. К.Д.Ушинский көрнекілікті оқыту үдерісінде мұғалім жетекшілігімен немесе өзіндік бақылау нәтижесінде қабылданатындығына тәуелсіз түрде баланың тікелей қабылдауымен нақты бейнеде тұрғызылған ілім ретінде анықтады. Көрнекіліктің ең ерекше де маңызды түрлерінің бірі деп ол әсерлі және бейнелі сөйлеуді есептеді. Оқыту үдерісінде мұғалім өз әңгімесін «біріншіден, оқылғандарды еске түсіріп қана емес, сонымен бірге оны тікелей жетілдірумен толықтыра отырып, балаларға оны көрсетуі тиіс; екіншіден, сұрақтарды сан алуан етіп және әсерлі ете отырып, көрнекілікті көрсетуі тиіс».

К.Д.Ушинский үшін көрнекілік - оқытудың әдістері мен тәсілдерінде міндетті түрде қатысып отыратын оқытудағы маңызды дидактикалық принцип.

Педагогикада көрнекіліктің табиғи, кескіндік (фотосуреттер, оқу картиналары) және кескіндік (графиктер, сызбалар, диаграммалар) деп аталатын үш түрін қарастырады. Көрнекіліктің әр түрінің өзіне тән атқаратын функциялары бар. Көрнекілік түрлері: табиғи көрнекілікке коллекциядағы кептірілген өсімдіктер, жануарлар мен құстардың тұлыбы, минералдар және т.б. жатады. Кескіндік көрнекілікке карталар, картограммалар, схемалар, диаграммалар, кестелер жатады. Мысалы кестенің бірнеше түрлері бар. Олар: хронологиялық, синхрондық, тақырыптық, графикалық кестелер. Экранды-динамикалық көрнекілік қоршаған дүниені бейнелейді. Олар: диапозитивтер, диафильмдер, эпипроекциялар, оқу киносы, оқу теледидары немесе заманауи интербелсенді тақта. Дыбысты техникалық көрнекілікке грампластинкалар, магнитофильмдер, радиоқабылдағыштар жатады. Көрнекі құралдар оқу материалдарын, әсіресе, теориялық ережелерді есте жақсы сақтау және жеңіл түсіну үшін қолданылады.

К.Д.Ушинский баланы тек көрнекі оқытуды логикамен ұштастырғанда баланың көрнекі ойлауын тәрбиелеу құралы болып табылады деп ұйғарды. Көрнекі оқыту «ақылдың дамуына» жол ашады. Сонымен, К.Д.Ушинский нақтыдан абстрактіге, әрекеттен (практикадан) теориялық жалпылауға өтуге шақырады. Ол көрнекі оқытудың мәнін терең түсінеді: ол ақыл-ой қабілетінің дамуына, материалдың мазмұндалу мүмкіндігіне, оқу жұмысындағы белсенділік пен даралануға, материалды эмоциялық қабылдауға, алынған білімді жүйелендіруге жол ашады.

Орыс педагогы Н.Ф.Бунаков (1837-1904) көрнекілікті оқудың шынайы өмірмен байланыс құралы, өмірлік қажетті білімді алу құралы деп есептеп, көрнекілік түсінігін шығармашылық элементтермен байланыстырды.

М.Жұмабаев: «Бір затпен танысқанда сыртқы сезімдердің көбі қатынасса, ол зат ұмытылмайды. Балаға бір нәрсені білдіру керек болғанда осы жолды ұстау керек. Яғни мүмкін болғанша баланың сыртқы сезімдерінің көбін қатынастыру керек. Мысалы, бір заттың түрін де көрсет, дыбысын да естірт, ұстатып та көр, иіскет, дәмін татқыз, сыйпат, суретін салғыз. Баланың жаратылысының өзі осыны тілейді. Бала өзінің

көрген нәрсесін ұстағысы келеді, естіген нәрсені көргісі келеді. Ұстаған нәрсесінің дәмін татқысы келеді. Осы жолды ұстағанда баланың білімі берік болады. Мысалы, дұрыс жазуы үшін күр ережелерді білуі жетпейді. Қолдың, көздің, құлақтың әдеттенуі шарт».

Ғалым-педагогтар [6-7] көрнекі оқытуды сезім мүшелеріне әсер ететін, нақты қабылданатын объекті немесе құбылыстармен байланыстырды; олар көрнекі оқыту мәселесін көтерді; көрнекі оқыту мәнін негіздеді; оның балабақшада, мектепте, ЖОО қолданылу әдістемесін жасап, әрекеттің көрнекі оқытумен байланысы жайлы мәселе қойды.

Әдебиеттер

1. Қ.Жарықбаев. Психология. Алматы, 1998.
2. М.Жұмабаев. Психология. Алматы, 1950.
3. С.Қ.Шабажанова. Психология личности. Алматы, 1990. 367 с.
4. Б.Аяған. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. Алматы, 2000.
5. Электрондық оқулық. Мемлекеттік стандарт. Алматы, 2015.
6. Бүркіт Ә.Қ. Жай тақтадан - Интербелсенді тақтаға дейін... Шымкент, 2015.
7. Бүркіт Ә.Қ. Интербелсенді тақта құралдары. Шымкент, 2015.

ӘОЖ 331.361

Жолдасбекова С.А. - п.ғ.д., профессор, **Кебекбаева Р.Н.** – магистрант
М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

БОЛАШАҚ ТЕХНОЛОГИЯ ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Анатпа: Бұл мақалада болашақ технология пәні мұғалімдерінің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері әдебиеттерге шолу нәтижесінде қарастырылып, «құзыреттілік» ұғымы белгілі бір әлеуметтік - кәсіби статус иесіне байланысты қолданылды және оның сол істі атқарудағы түсінігі, білімі, білігінің орындалуға тиіс мәселенің нақты өз деңгейінде шешілуімен сәйкестілігі арқылы анықталды.

Кілттік сөздер: педагог, оқытушы, маман, құзыреттілік, құндылық, оқушы, біліктілік, мәдениет, тұлға, сапа, іскерлік.

Бүгінгі әлемдік білім беру парадигмасының өзгеріп, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпақ оқытып, тәрбиелейтін педагог кадрларды дайындаудың сапасын арттыруды талап етіп отыр.

Қоғамда да істің тетігін маман шешеді деген қағида негізінде шындық бар. Яғни білім сапасын көтерудің негізгі тетігі ұстазға байланысты. Сондықтан мұғалім атаулыға міндеттелетін жауапкершілік те зор. Жақсы педагог-оқытушы – қазіргі таңда қоғам үшін аса қымбат қазына болып есептелмек.

Осы орайда еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, құзыретті тұлғаның қалыптасуына ықпал ету деп анықтап Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында жалпы білім берудің ұлттық деңгейдегі басты мақсаты көрсетілген [1].

Қазіргі үздіксіз білім беру, соның ішінде кәсіби білім беруде құзыреттілік тұрғыдан білімді дамытудың келесі тенденцияларын айқындайды:

- біріншіден, үздіксіз білім берудің жалпы жүйесінде өздігінен білім алу кезеңдерінің мәнділігі,
- екіншіден, өздігінен білім алуды дамыту жағдайында сөз жоқ, оқыту құралдары мен оқытудың ақпараттық технологиясының құралдары ерекше мәнге ие екендігінде,
- үшіншіден, білім беруді жүзеге асырудың сыни тұрғыдан оқыту ұстанымы;
- төртіншіден, білім беруде пәндік-бағдарлық жүйеден жобалау жүйесіне көшуге бағыттайды.

Заманауи педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» «педагог құзыреттілігі» ұғымдарына берілген әртүрлі түсініктемелердің бар екендігіне назар аудардық.

Орыс тілі сөздігінде «құзыреттілік» термині «әлдекінің жақсы хабардар болуы мәселесі төңірегінде» берілген.[2].

«Құзыреттілік» негізінен ХХ ғасырдың ортасында Н. Хомский енгізген болатын, алғашында ол ана тілінде нақты тілдік қызметті орындау үшін қажет қабілеттіктер ұғымы деп түсіндірген.

«Құзыреттілік» ұғымы еңбек әлемінде және өнеркәсіп мекемелерінде де пайда болды. «Түйінді құзыреттілік» термині алғаш рет 1992 жылы Еуропа Кеңесінің «Еуропадағы орта білім» жобасында пайда болды. Бұл жобаның міндеті – Еуропа одағының құрамындағы елдерде білім берудің мақсаты мен мазмұнын, оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау механизмдерін талдау болды [3].

Кәсіби құзыреттілік мәселесі, жаңа тұрпатты мамандардың құзыреттілігі туралы пікірлер кәсіби маман даярлау мәселелерімен айналысып жүрген отандық және шетелдік ғалымдар, педагогтар, психологтар

еңбектерінде қарастырылған. Соңғы уақытта, шетел ғалымдарының еңбектеріндегі кәсіби құзыреттілік ұғымдары «терендетілген білім», «міндетті шешудегі теңдік жағдайы», «қызметті орындаудағы қабілеттілік» (Britell G.K., Blank W.E.) және тағы басқалар бұл ұғымның мәнін ашуға назар аудардырдың пікірлерін саралай отырып, И.А. Зимняя білім берудегі құзыреттіліктің үш кезеңін бөліп көрсетеді:

Бірінші кезең (1960-1970) ғылыми аппаратқа «құзыреттілік» категориясының енуімен, құзыреттілік, құзырет ұғымдарының шектеулілігінің алғы шартының құрылуымен анықталады. Осы уақытан бастап грамматиканың өзгерушілік қызметі мен тілдерге оқыту теориясында тілдік құзыреттіліктің әртүріне зерттеу жүргізіле бастады, «коммуникативті құзыреттілік» ұғымы енгізілді.

Екінші кезең (1970-1990) тілді оқыту теориясы мен практикасы және басқару, жетекшілік, менеджменттегі кәсібилікке, қарым – қатынас мәдениетіне үйретудегі «әлеуметтік құзыреттілік» ұғымының анықталуымен байланысты.

Сонымен қатар, бұл кезеңде құзыреттіліктің мәнін ашуға ұмтылыс жасалды. И.А. Зимняя Дж. Равеннің еңбегіне сүйене отырып, бұл ұғымның мазмұны бір-біріне байланыссыз, бірі когнитивтік, бірі эмоционалдық сфераға жататын көптеген құзыреттіліктерден тұратыны анықталды. Бұл компоненттер тиімді тәртіп түрі ретінде бір-бірін ауыстыруы да мүмкін. Ол өз еңбектерінің бірінде үш топқа біріктірілген он негізгі құзыреттіліктерді қамтыды:

1. Жеке тұлғалық іс-әрекет пен қарым-қатынас субъектісі ретіндегі құзыреттіліктер.
2. Адамның өзара іс-әрекеті мен әлеуметтік саласына қатысты құзыреттілік.
3. Адамның іс-әрекетіне байланысты құзыреттіліктер [4].

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың ішкі және сыртқы шарттарын жасау, кәсіби маман тұлғасын тәрбиелеу мәселелерін Дж. Равеннің тұжырымдамасында қарастырады. Ол адамның алдына қойған мақсатын орындауға көмектесетін қырыққа жуық сипаты мен икемділігін анықтап, құзыреттіліктің жетекші компоненттерін көрсетеді.

Ол, құзыреттілік қатары төменде көрсетіліп отыр:

- құндылық пен оның нақты мақсатқа қатынасын айқын ұғыну тенденциясын;
- өзінің іс-әрекетін бақылап отыру тенденциясы;
- іс-әрекет эмоциясы;
- өз бетінше оқуға икемділігі мен оған дайындығы;
- кері байланысты іздеу және қолдану;
- өзіне өзінің сенімділігі;
- өзін-өзі бақылауы;
- бейімділігі;
- шарасыздық сезімінің жоқтығы;
- болашақ туралы ойлауға бейімділігі;
- мақсатқа жетуге байланысты мәселеге көңіл аудуы;
- өзіндік ой, даралық;
- сын тұрғысынан ойлауы;
- күрделі мәселелерді шешуге дайындығы;
- мазасыздық туғызатын және даулы мәселелерді шешуге дайындығы;
- қоршаған ортаның мүмкіндіктері мен ресурстарын анықтау мақсатында зерттеу жүргізуі;
- мақсатқа жету жолында жаңа идеялар мен инновацияларды пайдалануға дайындығы;
- қайсарлығы;
- ресурстарды пайдалануы;
- сенімі;
- шешім қабылдауға қабілеттілігі;
- жеке жауапкершілігі;
- мақсатқа жету жолында бірігіп жұмыс істеуге қабілеттілігі;
- басқа адамдарды тыңдай білуі;
- ұжымда жеке бас әлеуетін субъективті бағалауға ұмтылысы;
- басқаларға өзбетінше шешім қабылдауға рұқсат беруі;
- дау-жанжалды шеше білу және әртүрлі көзқарасты жұмсартуға икемділігі;
- бағыныштылық жағдайда тиімді жұмыс жасауға қабілеттілігі;
- басқа адамдардың өмір сүру дағдысына төзімділікпен қарауы;
- ұйымдастырушылық және қоғамдық жоспарлаумен айналысуға дайын болуы.

XX ғасырдың соңында, Европада құзыреттілікті стратегиялық, әлеуметтік, әлеуметтік – лингвистикалық, тілдік, оқу құзыреттіліктеріне жіктеді. Осы құзыреттіліктер соңғы жылдары педагогтың кәсіби іс - әрекетіне байланысты кеңінен қолданылуда.

«Құзыреттілік» ұғымы белгілі бір әлеуметтік-кәсіби статус иесіне байланысты қолданылады және оның сол істі атқарудағы түсінігі, білімі, білігінің орындалуға тиіс мәселенің нақты өз деңгейінде шешілуімен сәйкестілігі ретінде саналды.

Э.Ф. Зеердің еңбектерінде маманның әлеуметтік-кәсіби даярлығы кәсіби біліктілікпен, негізгі біліктілік және құзырлықпен анықтап, кәсіби білім беруге салыстырмалы талдау береді.

Біліктілік – маманның кәсіби даярлық түрі, яғни маманның белгілі бір жұмыс саласындағы білімі, іскерлігі мен дағдысы болып табылады.

Жеке тұлғаның негізгі біліктілігі – тұлғаның белгілі бір кәсіби сала бойынша орындалатын жұмысқа қажетті жалпыкәсіби білім, іскерлік, дағдысы және қабілеттілігі мен қасиеті.

Э.Ф. Зеердің еңбектерінде негізгі біліктіліктің бес түрі анықталған: әлеуметтік-кәсіби бағыттылық (қажеттіліктің, мотивтің, құндылықтың үстемдігін сипаттайды); кәсіби құзырлық (жалпы кәсіби және саяси білім мен дағдылар, оқу үдерістерін ұйымдастыру мен жобалау, мәселені шешу т.б.); когнитивтік қабілеттілік (қадағалау, бақылау, креативтік, т.б.); тұлғалық қасиеттер (дербестік, жауапкершілік, сенімділік) және кәсіби маңызды психофизиологиялық қабілеттер (іс-әрекет координациясы, реакцияның шапшаңдығы, сөйлеу, эмоциясы т.б.) [5].

Жаңа тұрпатты педагогтың кәсіби даярлығы өз алдына дербес, бір-бірімен тығыз байланысқан, ғылыми-теориялық, қоғамдық-саяси, психологиялық-педагогикалық және арнайы даярлықты біріктіретін біртұтас жүйе болып саналады.

Ғылыми-теориялық даярлық мектептегі оқу пәндері арқылы ғылым негіздерімен таныстырып, олардан терең теориялық білім беруге дайын болуды қарастырады.

Қоғамдық-саяси даярлық жаңа тұрпатты педагогтарды қоршаған дүниені, табиғатты, қоғамдық өмірдің құбылыстарын тану әдіснамасына, әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін пайымдау, талдау, маңыздысын ажырата білуге, адамдармен қарым-қатынастағы жоғары мәдениеттілікке үйренуге мүмкіндік береді.

Психологиялық-педагогикалық және арнайы даярлық мектеп педагогы ретінде жан-жақты қалыптасуға жағдай жасайды.

Педагогика тарихы мен педагогикалық-психологиялық еңбектерге жасалған тарихи шолу жаңа тұрпатты педагогтарды кәсіби даярлау мәселесі жан-жақты қарастырылғанын байқатады. Белгілі педагог Ю.К. Бабанский педагогтың кәсіби маңызды және жеке тұлғалық қасиеттерін үш топқа бөліп көрсетеді:

1. Жеке тұлғалық (оқушылармен жұмыс жасауға қабілеттілігі, саяси-идеялық және мәдени өрісі, жұмысқа табандылығы; педагогикалық такт, педагогикалық бағдары, жаңаны сезе білуі, оған ынтымақпен кірісуі; өзіне және басқаларға талап қоя білуі жатады).

2. Оқу іс-әрекеті қасиеті (нақты пән бойынша білімі; білім, іскерлік пен дағды сапасын бағалай білуі; жұмысты жоспарлай білуі, ойды дамыта алуы, қызығушылықты қалыптастыру, жоспарды уақтылы, сапалы орындау іскерлігі, пәнаралық байланысты жүргізу, балаға жеке ықпалы, әр баланың қабілетіне, жеке қасиеттеріне орай қарым-қатынас жасау, оқушылардың оқу еңбегіне дағдысын қалыптастыру; оқытудың педагогикалық - психологиялық негіздері жөнінде білім).

3. Педагогтың тәрбие жұмыстарына байланысты сапасы (нәтижені бағалай білу іскерлігі; тәрбие жұмысын жоспарлау; тәрбиелеу барысында жекелей ықпал ету, жоспарланған жұмыстарды тиімді ұйымдастыру, педагог дер мен ата-аналардың іс-әрекеттерінің тұтастығы; тәрбие теориясының психологиялық-педагогикалық негізі бойынша білімі; пән бойынша сыныптан тыс жұмыстарды тиімді ұйымдастыра білуі) [6].

Мұнда шығармашылық жеке тұлғаның іскерлігін сипаттайтын төмендегі сапаларды қамтиды: проблеманы көре білу іскерлігі және оны нақты материалдармен қамтамасыз ету; нақты танымдық мәселелерді шеше білу іскерлігі; таныс әдістерді пайдалана отырып, жаңа әдістерді шығару, альтернативті шешімдерді іздеу, болжам жасау және ойша жаттығулар жасау болып табылады.

В.В.Краевскийдің ойынша педагогтың жан-жақты дамыған педагогикалық ойлауы теориялық болжау мен практикалық ойлауды жобалау қабілеттілігімен үйлестіре білу іскерлігімен сипатталады [7].

Педагогтың іскерлігі оның даярлығының негізгі компоненті болып табылады. Сондықтан, педагогтың кәсіби - педагогикалық іскерлігі қоғамдық - саяси, жалпы ғылыми, арнайы, психологиялық - педагогикалық және кәсіби - әдістемелік білім жүйесінің негізінде қаланады және осы сапалардың бір - бірімен ұштаса қалыптасуы педагогтың кәсіби іс-әрекетін атқаруға қабілетті.

Жаңа тұрпатты педагог терең әдіснамалық және теориялық тұрғыда даярлау қай кезде де күн тәртібінде. Біз зерттеу барысында кәсіби-педагогикалық құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздерін ғалымдардың бірнеше бағытта зерттегені байқалды.

Бірінші топ ғалымдары Н.Н. Лобанова, Н.И. Запрудский және т.б. кәсіби құзыреттілікті «сапалар мен іскерліктердің» жүйесі ретінде түсінеді және кәсіби-педагогикалық құзыреттілікті философиялық, психологиялық, мәдени, әлеуметтік және тұлғалық тұрғыдағы жүйе ретінде зерттеді.

Екінші топ ғалымдар Л.И. Загвязинский, В.А. Сластенин, А.И. Мищенко, Г.И. Хозяинов және т.б. кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктің педагогикалық шеберлікпен байланысын және айырмашылығын қарастырады.

Үшінші топ ғалымдары А.А. Вербицкий, Б.С. Гершунский, Е.В. Бондаревская, Н.С. Розов және т.б. кәсіби-педагогикалық құзыреттілікті тұлғаның білімділігімен, дамығандығымен, тәжірибесімен, жеке қабілеттерімен, білімін үнемі жетілдіруге ұмтылысымен, адамдармен мәдениетті қарым-қатынас жасай білуімен байланыстылығын қарастырады.

Төртінші топ ғалымдары Н.В. Кузьмина, М.И. Лукьянова, А.К. Маркова, Л.И. Митина, Е.М. Павлютенков және т.б. кәсіби-педагогикалық құзыреттілікті іс-әрекеттік тұрғыда зерттейді.

Құзыреттілікті жеке тұлғаның қасиеттері ретінде қарастырып Н.В. Кузьмина құзыреттіліктің бес түрін жіктейді:

1. Оқытатын пән бойынша арнайы және кәсіби құзыреттілігі.
2. Оқушыларға білім беру мен іскерлігін қалыптастырудағы әдістемелік құзыреттілігі.
3. Қарым-қатынас асаудағы әлеуметтік-психологиялық құзыреттілігі.
4. Оқушының ынтасы, қабілеті аймағындағы дифференциалды – психологиялық құзыреттілігі.
5. Тұлғаның өзін-өзін және өзіндік іс-әрекетінің жетістіктері мен кемшіліктері айналасындағы аутопсихологиялық құзыреттілік [8].

Үшінші кезең педагогтың кәсіби іс-әрекетін психологиялық тұрғыда ғылыми категория ретінде сипаттайды.

М.В. Рыжков білім беруді жаңарту негіздерінің бірі ретінде құзыреттілік тұрғыдан келуді жақтаушылар күтілетін нәтижелер тұжырымдамасын құруда. Бұл тұрғыдағы көзқарасты ол өз зерттеулерінде:

-«құзыреттілік» ұғымы тек танымдық (когнитивтік) және технологиялық құраушы ғана емес, әрі мотивациялық, әлеуметтік және мінез-құлықтық, яғни оқыту нәтижелерін (білім, іскерлік, дағды), құндылық бағдар жүйелерін қарастырады;

- құзыреттілік – алған білім, білік, тәжірибе, мінез-құлық тәсілдерін нақты жағдаятта, нақты іс-әрекет жағдайында жұмылдыруға қабілетілігі;

- құзыреттілік ұғымында «нәтижеге» бағытталған білім мазмұнының интеграциясы көрініс алады;

- құзыреттілік білім беру мекемелеріндегі оқу процесінде ғана емес, дәстүрлі және дәстүрден тыс білім алу жағдайында да қалыптасады [9].

XX ғасырдың 80-90 жылдары білім беру саласында құзыретті маман қалыптастыру мәселесінің зерттелуі қарқынды жүрді. В.А. Адольфтің, Е.В. Бондаревтің, Н.В. Кузьминаның және т.б. еңбектерінде кәсіби-педагогикалық құзыреттілік пен оның жекелеген түрлерінің жалпы феноменологиясы көрініс тапты. Педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің әртүрлі аспектілерін К.А.Абульханова, М.В.Прохорова, Л.И.Мищенко, Е.И.Рогов, В.А.Сластенин, Д.С.Савельев, Н.Ф.Талызина және т.б. зерттеді.

Ғалымдар кәсіби құзыреттілікті зерттеу барысында оның жекелеген бағыттарына баса назар аударады. Мысалы, Н.В. Кузьмина арнайы – педагогикалық, ғылыми – педагогикалық, әдістемелік және құзыреттіліктің басқа да түрлерін қарастырады [10]С.И. Ферхо мұғалімдердің электрондық оқу басылымдарды пайдаланудағы кәсіби құзыреттілігін қарастырған [11].

Б.Т.Барсай еңбегінде болашақ педагогтардың кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми негіздері: әдіснамалық, теориялық және ғылыми-әдістемелік білім беру тұрғысында зерттеген [12].

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді зерделей келе болашақ педагогтардың кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары ретінде жүйелілік, тұлғалық, әрекеттік, мәдениетнамалық құзыреттілік және ақпараттық тұғырлар алынды.

Ғылыми зерттеулерге және мектеп тәжірибелеріне жасаған талдау арқылы болашақ педагогтардың кәсіптік құзыреттілігін дамыту қарастырылмағанын айта аламыз.

Демек, қоғамның сұранысы мен талаптарына сай жаңа тұрпатты болашақ технология пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту мен оны педагогикалық жоғарғы оқу орындарында қалыптастырудың ғылыми түрде негізделуінің жеткіліксіздігі; 12 жылдық білім беруге көшу жағдайында педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың қажеттілігі мен оны жоғарғы оқу орнында жүзеге асыру әдістемесінің болмауы; кәсіптік оқыту педагогын дайындаудың қазіргі жағдайы мен педагогикалық жоғарғы оқу орындарында болашақ кәсіптік оқыту педагогының кәсіби құзыреттілігін дамыту қажеттілігі арасында **қарама-қайшылық** анық байқалады.

Сондықтан, әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың басты мәселесі:

- болашақ технология пәні мұғалімдерінің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруда бүгінгі қоғам сұранысын анықтау;

- оқу жоспарлары мен оқыту мазмұнын жаңғырту;

- жаңа техника мен технологияларды меңгеру арқылы технология пәні мазмұнына сай маман даярлау;

- Оқытудың инновациялық технологиялары мен дәстүрлі оқыту технологияларының құндылықтарын меңгеру, әрі олардың ұтымды тұстарын анықтауға білімін жетілдіру.

- Мамандық бойынша пәннің оқу-әдістемелік кешенін жасау ПОӘК, білім беру сапасын басқарудың

және бағалаудың ережесін түзу;

- Жаңашыл тәжірибені оқу үдерісіне енгізу және әдістемелік көмек көрсету;

- Элективті оқу курстарының бағдарламаларын жасау.

Яғни, жаңа тұрпатты болашақ технология пәні мұғалімдерінің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық тұрғыда негіздеуді әрі педагогикалық шарттарын іздестіруді қажет етеді.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Негізгі ереже. –Астана. -2008. -40 б.
- 2 Ключевые компетенции: технология конструирования. //Народное образование. -2003. -№5.-С.58-62.
- 3 Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования// Высшее образование сегодня. – 2003. -№ 5. -С. 34-42.
- 4 Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация: Пер.с англ., -М., 2002. - 396 с.
- 5 Зеер Э.Ф. Ключевые квалификации и компетенции в личностно –ориентированном профессиональном образовании //Образование и наука: Известия Уральского научно-образовательного центра РАО. –Екатеринбург: УГППУ, 2000.-№3(5). -С.90-102.
- 6 Бабанский Ю.К. Избранные педагогические труды. -М.: Педагогика, 1989. -560 с.
- 7 Краевский В.В. Методология педагогического исследования как часть профессиональной подготовки в условиях становления и развития целостной системы непрерывного образования: Тез. докл. XII сессии Всесоюзного методологического семинара. –Москва. -1998. -21-22 марта. /Под ред. Н.Д.Никандрова, В.С.Шубинского. – М.:АПН СССР, 1988, -С.40-44.
- 8 Кузьмина Н.В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения. –М., 1990. - 119 с.
- 9 Рыжков М.В. Ключевые компетенции: возможности применения. //Стандарты и мониторинг в образовании. - 1999.-№4. –С.21-22.
- 10 Кузьмина Н. В. Очерки психологии труда учителя. Психол. структура деятельности учителя и формирование его личности. -Л., 1967. – 183 с.
- 11 Ферхо С.И. Мұғалімдердің оқу үдересінде электронды оқу басылымдарын пайдалануға байланысты кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: автореф. ... п.ғ.к. –Алматы, 2004. – 30 б.
- 12 Барсай Б.Т. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері. Пед.ғыл.докторы диссер. – Шымкент, 2010.- 349 б.

Резюме

В данной статье рассматривается методология учителей предмета будущей технологии в формировании методической компетентности, объектом обзора являются литература, где концепция «компетентность» была определена через использование связи с представителем определенного социального и его профессионального статуса и также, концепция производительности, знаний, навыков, были четко определены по уровню соответствия с разрешением проблемы.

Summary

This article shows the teaching methodology of the future technology in the formation of the methodical competence as a result of observation, where the concept of “competence” was defined through the communication of a person within the social and professional status along with the concept of efficiency, knowledge, skills which were defined with accordance of the matching level to the problem resolution.

ӘОЖ 515.2

Жұмабаев А.Ә. - т.ғ.д., профессор

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ГРАФИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДЕН БІЛІМ ДЕНГЕЙІН КӨТЕРУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

Аңдатпа: Ғылым мен техниканың соңғы кезде жедел дамуы техникалық мамандық бойынша мамандарының дайындық сапасын көтеруді қажет етеді. Графикалық бағдарламаларды қолдану сызба геометрия және инженерлік графиканы қабылдау мен түсінуде үлкен көмек көрсетеді, сонымен қатар, білім алушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарын дамытуға, олардың алған теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана білуге себебін тигізеді.

Кілттік сөздер: инженерлік графика, ақпараттану, графикалық бағдарлама, компьютерлік технология, техникалық мамандық.

Инженерлік білім беру еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың жедел дамуы жоғары оқу орындарында мамандарды дайындаудың талаптарына елеулі өзгерістер ендіруге, сонымен қатар, маманның кәсіби сапасын бағалауға жаңа тәсілдер жасауға әкелді. Соңғы уақытта еліміздің әртүрлі салаларында болып жатқан өзгерістер, экономиканың, ғылымның және техниканың екпіндеп дамуы жоғары білікті мамандарды дайындауды талап етеді. Еңбек нарығы техникалық жоғары оқу орындарын бітіруші жас мамандардың арасындағы бәсекелестікті күшейтуге әкелетін кәсіби дайындықтың сапасына жаңа талаптар ұсынады.

Қазіргі уақыт мамандардан өндірістік және басқарушылық міндеттерді шешудің практикалық дағдыларын меңгеруді, ғылыми және техникалық ақпараттар ағымына еркін бейімделуді, өз білімдерін тұрақты толықтырып отыруды, ғылыми-техникалық ілгерілеудің даму үрдісін болжай білуді, кеңістік ойлай білуді талап етеді. Барлық осы қасиеттердің негізін жоғары оқу орындарында қалыптастыру қажет. Инженерлік кадрларды дайындау талаптарын іске асыру техникалық жоғары оқу орындарында техникалық пәндерді, атап айтқанда сызба геометрия, инженерлік және компьютерлік графика пәндерін оқытудың жаңа технологияларын жасау және ендіру арқылы жүзеге асырылады. Жоғары оқу орындарында оқу процесінің жетілдірілуі мен дамуына ақпаратты-коммуникациялық технологиялар едәуір ықпал етеді.

Ақпарат нақты өндірістік күшке айналуға, көптеген өндірістік және өндірістік емес процестердің нәтижелері оның сапасы мен санына байланысты. Компьютер кәсіби іс-әрекетте аспаптың ролін тек қана инженерлік салада ғана емес, сонымен қатар, гуманитарлық салада, экономикада және білімде де атқарады. Жалпы айтқанда, компьютер қазіргі адамдардың күнделікті өмірдегі ажырамас бөлігіне айналды [1].

Оқытуды қарқындыру мен жандандырудағы компьютерлік технологияның артықшылығын сызба геометрия, инженерлік және компьютерлік график пәндерін оқыту процесінде қолдану қажет. Бұл жерде қарқындыруды аз уақыт ішінде ақпараттың үлкен көлемін игеріп, білім сапасын едәуір көтеру мүмкіндігі деп түсінуге болады. Бұл аталған мүмкіндік белгілі бір пәннің курс құрылымын жетілдіру арқылы, яғни жақын тарауларды біріктіру, біртүрлі есептердің шешу алгоритмдерін жалпылаумен іске асырылуы мүмкін.

Осыған байланысты білімді ақпараттандыру және оқу процесінде компьютерді қолдану барысында оқытудың тиімділік мәселелерін шешуді белсенді түрде іздестіру керек.

Компьютерлік технологияларды білім беруде қолдану оқытушылармен қатар білім алушыларға да үлкен мүмкіндіктер береді. Компьютердің көмегімен студенттердің оқу материалдарымен жұмыс жасауы, олардың белсенділігі артады және шығармашылық қабілеттері дамиды.

Мамандарды дайындау сапасын көтеру қажеттілігі бірқатар жағдайлармен байланысты:

- ақпараттық технологияның ендірілуі жас маманның компьютерлік дайындығы кәсіби біліктілікті анықтайтын басты өлшемдердің бірі болуына әкелді;
- сызба геометрия және инженерлік графиканы оқытуда ақпараттық технологияның қолданылуы көптеген пәндерді бір ортақ жүйеге біріктіретін байланыстырушы топ болып табылады.

Ғылым мен техниканың жедел дамуы техникалық мамандық бойынша мамандардың дайындаудың сапасын көтеруді қажет етеді, осыған байланысты оқытудың жаңа формаларын дамытуға және кеңейтуге қажеттілік туындайды. Бұдан басқа білім жүйесінде басқа пәндердің қысқаруы есебінен жаңа арнайы пәндердің енгізілуі тұрақты түрде болып тұрады, соған байланысты апталық жүктеме қысқарып, ал білім алушының алатын оқу ақпаратының ағыны көбеюде. Айта кету керек, бұндай қысқарулар бірсыпыра пәндерге тиіп үлгерді, оның ішінде техникалық пәндер үшін негізге алынатын пән болып есептелінетін сызба геометрия, сонымен қатар, инженерлік және компьютерлік графикаларда бар.

Осы айтылғандардың барлығы, оқу сағаттарының қысқаруы, оқу материалдар ағынының көбеюуі, жоғары оқу орнына түсушілердің графикалық дайындықтарының төмен деңгейде болуы және техникалық пәндерді меңгеру үшін сызба геометрия пәніне үлкен жауапкершілік жүктейді. Жоғарыда айтылған жағдайлар оқу процесін қарқындыру мақсатында сызба геометрия, инженерлік және компьютерлік графиканы оқытуда жаңа ақпаратты-байланыстарды ендірумен айналысуға, оқытудың тиімді әдістерін іздестіруді талап етеді.

Білім алушылардың сабақ үлгерімін көтеруге қажетті тәсілдер мен амалдарды іздестіру, бірінші кезекте студенттердің интеллектуалды, шығармашылық және танымдық қабілеттерін қалыптастыратын қосымша әдебиеттер мен оқыту әдістерін жетілдіруге бағытталуы керек.

Сызба геометрия, инженерлік және компьютерлік графика кеңістік елестету мен ойша көз алдына елестендіру, конструктивті және шығармашылық ойлауды дамытуға мүмкіндік береді, сонымен қатар, кәсіби және графикалық мәдениет пен сауаттылыққа тәрбиелейді. Графикалық есептерді шешу білім алушыларға жазық және кеңістік сызбалар, схема және үлгілер түрінде ұсынылады.


Жоғары инженерлік білім болашақ мамандардың тиянақты графикалық дайындығын қамтамасыз ететін жоғары оқу орнында оқытылатын жалпы кәсіби пәндердің сапасын ескереді.

Болашақ мамандарға қажетті кәсіби қасиеттерді нәтижелі дамыту оқу бағдарламаларының мазмұнды құрылым, шығармашылық және заманауи компьютерлік технологиялар негізінде жасалынған арнайы ұйымдастырылған оқу жағдайларында іске асырылады. Графикалық бағдарламаларды қолдану сызба геометрия және инженерлік графиканы қабылдау мен түсінуде үлкен көмек көрсетеді, сонымен қатар, білім алушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарын дамытуға, олардың алған теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана білуге себебін тигізеді. Сонымен қатар, инженерлік және компьютерлік графика сабақтарында қазіргі заманауи компьютерлік технологияларды пайдалану, тәжірибе көрсеткендей, оқушылардың оқып-үйренуге деген құлшынысын ынталандырады [2,3].

Жоғары оқу орындарында біраз уақыттан бері сызба геометрия және инженерлік графика сабақтарында білім алушылардың кеңістік елестету мен ойша көз алдына елестету қабілеттерін дамыту үшін AutoCAD компьютерлік бағдарламасы қолданылып жүр. Аталған бұл бағдарламаның көмегімен


геометриялық үлгілердің өзара орналасуын және олардың кеңістік пішімдерін әртүрлі қарау нүктелерінен қарастыруға болады [4].

1-суретте заттың берілген екі көрінісі арқылы оның жетіспейтін көрінісі мен аксонометриялық проекциясын орындау көрсетілген. Білім алушыларға осы заттың 3D-кескінін жасау үлкен қызығушылық тудырады.



1-сурет. Заттың көріністері мен аксонометриялық проекциясы

Енді жоғары суретте келтірілген заттың көріністері бойынша 3D-үлгісін жасауды қарастырып көрейік.



2-сурет. Заттың 3D-кескінін жасау

Жоғарыда айтылғандай, заттың 3D-үлгісін жасау білім алушылардың үлкен қызығушылығын тудырып, олардың оқып-үйренуге деген ынтасын арттырады.

Қорыта айтқанда, техникалық жоғары оқу орнындарының алдында арнайы пәндердің негізі болып табылатын сызба геометрия, инженерлік және компьютерлік графиканы оқыту процесін күшейтудің мүмкіндіктерін анықтау мәселесі тұр. Бұл мәселені осы курстардың тектес, жақындау бөлімдерін біріктіру арқылы құрылымын жетілдіру, сонымен қатар, білім деңгейін көтеру және дағдылар мен іскерлікті қалыптастыру мақсатында сызба геометрия, инженерлік және компьютерлік графиканы оқытудың жаңа формалары мен әдістерін жасау жолымен шешуге болады.

Әдебиеттер

- 1 Күсебаев У.К., Жұмабаев А.Ә. Графикалық пәндерді оқыту кезіндегі компьютерлік графиканың қолданылуы / Инженерлік графика және кәсіби білім проблемалары– Астана. 2012. -№12. – 58-63 б.
- 2 Фридман, Л.Н. Наглядность и моделирование в обучении. М., 2008. – 158 с.
- 3 Каган В.И., Сычеников И.А. Основы оптимизации обучения в высшей школе. - М., 2007. – 308 с.
- 4 Жұмабаев А.Ә. «Инженерлік графика» пәнін оқытуда графикалық бағдарламаларды қолдану дағдыларын қалыптастыру / Инженерлік графика және кәсіби білім проблемалары – Астана. 2014. - №25. – 6-9 б.

Кумарова А.К., Жүнісов Ғ., Испандияров М., Молдабеков Е.
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МЕН СПОРТТЫҢ БОЛАШАҚ МАМАНДАРЫНДА КӘСІБИ БІЛІКТІЛІКТІ ЖЕТІЛДІРУДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ТӘЖІРИБЕНІҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа: Педагогикалық практиканың түрі, мазмұны және әдістері оның мақсаты мен нақты міндетімен анықталады. Спорттық-практикалық пәндер, мысалы гимнастика, жеңіл атлетика, спорт ойындары, жүзу т.б арнайы теориядан өзге, түрлі жастардағы мектеп оқушылармен сабақ жүргізу әдістерін қамтуы тиіс. Практикалық сабақтар болса, студенттердің қимыл техникасын игеруімен қатар, дене шынықтырудан мектеп бағдарламасындағы жаттығуларды үйрету әдісін білетінін көрсетуі керек. Педагогикалық іс-тәжірибе белсенді оқу-танымдық әрекет ретінде студенттің өз мамандығының пәні бойынша білімін кеңейтуге және тереңдетуіне себепші болуы керек. Оқушыларды дене шынықтыруға үйрету тәжіриесін игеру-мектеп оқушыларына дене тәрбиесін түрлі формада беруде іске асуы мүмкін. Педагогикалық іс-тәжірибенің өзекті мәселелерінің бірі бітіруші түлектерді мектеп оқушыларымен дене шынықтыру және спорт жөнінде түрлі жұмыстарды өзіндік және шығармашылық іске асыруға дайындау болып табылады. Белсенді оқу-танымдық әрекет ретінде студенттің өз мамандағының пәні бойынша білімін кеңейтуге және тереңдетуіне себепші болуы керек және педагогикалық іс-тәжірибенің болашақ педагогтарды дайындауға үлкен маңызы бар.

Кілттік сөздер: педагогика, іс-тәжірибе, дене шынықтыру, оқу-тәрбие, құрал, спорт, гимнастика, туризм, спорттық жаттығу, оқу әдісі.

Педагогикалық практиканың болашақ педагогтарды дайындауда үлкен «маңызы». Ол студенттердің жоғарғы оқу орнындағы білімінің мектеп жұмысымен тығыз қарым-қатынасын қамтамасыз етуге бейімделген. Сондықтан студенттермен оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізу дәрежесін қажырлылықпен көтеру, жүйелі түрде педагогикалық практиканы жетілдіре отыру қажет.

Педагогикалық практиканың түрі, мазмұны, және әдістері оның мақсаты мен нақты міндетімен анықталады.

Педагогикалық жоғарғы оқу орындарының дене шынықтыру факультетіндегі педагогикалық практиканың мақсаты - студенттерге түрлі мектеп жасындағы балалармен (1-4, 5-9, 10-11 сыныптарда) дене шынықтыру және спорт: жөнінде оқу-тәрбие, мектептен тыс жұмыстарды өткізе білу шеберлігі мен дағдысын дарыту болып табылады.

Студенттерге спорттық-практикалық пәндер секілді теориялық сабақтар да, мектеп оқушыларына дене тәрбиесін оқытудағы дене шынықтыру және спорт сабақтарын өткізу жөніндегі оқу барысымен есептесе, жас ерекшелігі аспектісінде үйретілуі керек. Мысалы, дене шынықтыру бойынша "Дене шынықтырудың мақсаттары мен міндеттері" теориясын баяндай отырып, жеткіншек ұрпақты жан-жақты тәрбиелеу жөніндегі сұрақтарды жарыққа шығаруға оқушылардың дене тәрбиесіндегі мектептің орнын көрсетуге тырысқан жөн. Дене шынықтырудың мақсатын айта отырып, мектептегі дене шынықтырудың сауықтыру, оқушылардың жан-жақты дамуы бағытындағы мақсатын ерекше ашу керек.

"Дене шынықтыру құралдары" тақырыбын баяндауда, оқушылардың дене шынықтыру құралдарына сипаттама беру, мектептегі дене шынықтыру құралдарына түрлі жіктеулер келтіру қажет.

Ойын, гимнастика, спорт және туризмді дене шынықтыру құралдары ретінде сипаттау кезінде, бұл құралдардың кіші, орта және үлкен жастағы мектеп оқушыларымен жұмыстағы орны мақсатты түрде көрсетілуі тиіс. "Спорттық жаттығу" тақырыбының басты сұрақтарының бірі - мектеп жасындағы балалар жаттығуының әдістемелік ерекшеліктері, мазмұны мен міндеті, сонымен бірге *қозғалыстық қасиеттерін* тәрбиелеу әдістері болуы тиіс.

Спорттық-практикалық пәндер (гимнастика, жеңіл атлетика, спорт ойындары. жүзу ж.т.б.) арнайы теориялардан өзге, түрлі жастардағы мектеп оқушылармен сабақ жүргізу әдістерін қамтуы тиіс. Практикалық сабақтар болса, студенттердің қимыл техникасын игеруімен қатар, дене шынықтырудан мектеп бағдарламасындағы жаттығуларды үйрету әдісін білетінін көрсетуі керек.

Осындай жолмен студенттердің өз мамандығы пәнін оқудағы үш жағы көрінеді: а) қимыл техникасы мен оқыту әдісін игеруі; б) мәселенің жалпы теориясын мазмұндау; в) тақырыптың мектеп оқушыларының жеке жас ерекшелік топтарымен жұмыста қолданудағы негізгі бөлімдерін жариялау. Дене шынықтырудың жас ерекшелік әдісі студенттердің кәсіби білімінің қалыптасуында үлкен маңызы бар болғандықтан, олардың мектептегі педагогикалық практикаға үздіксіз дайындығын қамтамасыз ету керек.

Педагогикалық практика белсенді оқу-танымдық әрекет ретінде студенттің өз мамандығының пәні бойынша білімін кеңейтуге және тереңдетуіне себепші болуы керек. Дене шынықтырудан мектеп оқушыларымен жұмыстың талабы студенттер алдына тек мектеп оқушыларының жас ерекшелігі және сабақтың табысты өтудегі тазалық жағдайы (гигиена) жайлы арнайы әдебиеттерді терең оқып тануда шешімін табатын міндеттерді қояды. Практикант өзін қызықтыратын тақырыптағы жапсарлас сұрақтарды қозғай отырып, әдіскері ұсынған әдебиетті мұқият қарап, пен бойынша білімін тереңдетіп, өзінің жалпы педагогикалық танымын кеңейтеді.

Практикант білімінің тереңдеуі мен кеңеюіне олардың курстық тақырыптарда жұмыс (3-курста дене шынықтырудың теориясы мен әдісінен, 4-курста спорт пәндерінен) істеуі де себепші болады. Сонымен қатар практиканттың іс-әрекетін этапты бақылау барысында курстық жұмысты басшылыққа алудың тиімділік маңызы зор.

Осылармен қатар педагогикалық практика барысында студенттің ЖОО алған білімін тексеру мен қорыту іске асырылады. Әдіскер практикантқа қосымша тапсырма беру (алдыңғы жұмысқа талдау жасалған соң да бөлшектерді ауыстыра) беру арқылы студенттің мектеп өмірінің нақты жағдайындағы шеберлігі мен дағдысын қорытындылайды. Бұған әдіскердің практиканттың сабақтарына жан-жақты талдау жасауға (сабаққа талдау, оқушылардың үлгерім мәліметтері бойынша жүктеме салмағын, сабақтың шымырлылығын талдау) бағытталған іс-әрекеті әсер етеді. Төртінші курста сабақтарға жалпы талдау жасау және аяқталған соң бағдарламадағы тақырыптар бөліктерін талқылау керек.

Практиканттардың курс бойындағы білімін тексеру мен талдау факультетте оқу барысына алдыңғы және келесі курстарда студенттермен мақсатты жұмыс жасауға әсер ететін қажетті өзгерістер енгізуіне көмектеседі.

Практиканттарға кәсіби-педагогикалық талаптардың көлемі мен мазмұны педагогикалық практиканың бағдарламасы мен орта мектептердегі дене шынықтыру мұғалімдерінің біліктілік мінездемесімен анықталады. Дене тәрбиесі факультетінің бітіруші түлектері, мектептің болашақ мұғалімі ғылыми-әдістемелік және ұйымдастыру жұмысына жақсы дайын болуы тиістік белгілі. Осыған орай әр практикант жақсы ұжымды тани білу, дене шынықтыру сабақтарын барлық сынып көлемінде (1-ден 11-ге дейін) өте білу қасиетін, оқушылардың күн тәртібінде түрлі денешынықтыру жарыстары мен сыныптан тыс жұмыстарды өткізе білу, сыныпта тәрбие жұмыстарын жүргізу секілді дағдыларды игеруге міндетті.

Оқушыларды дене шынықтыруға үйрету тәжірибесін игеру - мектеп оқушыларына дене тәрбиесін түрлі формада беруде іске асуы мүмкін.

Оқу жұмысы: дене тәрбиесі сабақтары; дене шынықтырудан үй тапсырмалары.

Дене тәрбиесі және оқушының күн тәртібі: сабаққа дейінгі гимнастика; оқушының таңертеңгілік шынығу (гигиеническая) гимнастикасы; кабинеттік оқу сабақтарындағы дене шынықтыру сәті, мектеп шеберханаларындағы дене шынықтыру үзілісі; сабақ аралық үзіліс кезіндегі дене шынықтыру іс-шаралары.

Дене шынықтыру мен спорт жөніндегі сыныптан тыс жұмыстар: Үйірмелерде жалпы дене дайындығымен шұғылданду; мектептегі дене шынықтыру ұжымының спорттық үйірмелерде шұғылдандуы; оқушылардың спорттық жарыстары, дене шынықтыру мерекелері және спорт кештері; дене шынықтыру және спорт күндері; орындық (на местности) ойындар, туристік сапарлар, оқушылардың жеке жоспары бойынша өзіндік жаттығулары.

Педагогикалық практика тек оқу барысы емес, студенттердің мектептегі нақты пайдалы іс-әрекеті. Осыдан қорытарымыз, студенттердің жұмысын мектепте оқушылармен бұқаралық дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық жұмыстарға көмек көрсете алатын етіп ұйымдастыру қажет. Мектептегі практиканттар ұжымы факультет әдіскері мен мұғалім басшылығымен оқушылардың дене жаттығуларына деген жаппай қызығушылығын арттыруға, дене шынықтыруды балалар мен жасөспірімдердің күнделікті тұрмысына енгізуге көмек беруі жөнінде ата-аналармен келісім шартқа отырады.

Әсіресе, негізгі назар мектеп ұжымының маңызды бөлшегі ретінде сыныпқа аударылуы тиіс. Сыныптағы дене шынықтыру және спорттық сабақтар, жарыстар, туристік сапарлар, стадионға, су бекетіне саяхат, қызықты спорттық жарыстарға барудың тек сауықтыру емес, тәрбие мәселелерін де шешуге септігі тиіс.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының мелекеттік жалпы білім беру стандарты. ҚР МЖББС. Астана, 2001,
2. Абдуллина О.А., Загряжкина Н.Н. Студенттердің педагогикалық практикасы. Москва, Білім, 1990.
3. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. Дене шынықтыру институттарына арналған оқу құралы 1-ТТ том. Матвеев Л.П., Новиков А.Д. жетекшілігімен. М.: ДПЖС. 1990.
4. Жалпы білім беру мектептеріндегі дене тәрбиесінің педагогикалық практика өткізу жөніндегі әдістемелік ұсыныс (нұсқа). Шымкент, 2003.

Summary

The aim of the content and methods of teaching practice and is determined by the specific activity. Sports and practical subjects, such as gymnastics, athletics, sports, games, swimming, etc. Other than the special theory to include the different methods of teaching school students aged. Practical lessons, equipment іgerwіmen cooperation of students, school physical education program must demonstrate knowledge of how to teach the exercises. Teaching experience as an active educational and informative to expand and deepen their knowledge on the subject of their work, the student should be promoted. Students physical development of the experimental schools to teach physical education can be implemented in various forms. One of the most pressing issues of teaching experience to graduate students of the graduate school of physical education and sport is a different kind of preparation and implementation of creative works. As an active educational and informative student majoring must be determined to expand and deepen their knowledge on the subject and teaching practice is of great importance in the preparation of future teachers.

УДК 371

Кунжигитова Г.Б., Агадилова Ж.М., Бейсебекова Г.Д.
ЮКГУ им. М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

НАРОДНАЯ ПЕДАГОГИКА В СИСТЕМЕ ВОСПИТАНИЯ

Аннотация: В статье исследуется арсенал народной педагогики, имеющий своеобразные средства и приемы воспитания - благословение, клятва, напутствие, айтыс (несенные состязания), сказки, легенды, шежире, дастаны, пословицы, поговорки, загадки, изречения, афоризмы, сатирические, юмористические, лирические песни, словесные состязания на бытовые темы, накыл сөздер (частушки), острословие (шешендік сөздер), сказания, эпические поэмы и др.

Казахский народ имеет богатое духовное наследие, уходящее корнями в глубь веков, от орхон-енисейских древних письменных памятников VI-VIII вв. до наших дней.

Казахстан - край орлиных крыльев, занимает территорию от седого Каспия до Алтайских гор, от Уральского хребта до высокогорного Алатау. Казахи говорят: коль богата земля, то богат и народ. Где земля просторна, там жизнь привольна. Казахи - жители Великой степи - испокон веков имели и громадную единую территорию, и единый язык, и единую национальную культуру.

Богат казахский фольклор: в нем сконцентрированы все оттенки и нюансы национальной культуры, народной педагогики и народной психологии.

Народная педагогика - это особенности воспитания в рамках Казахской культуры; традиции, привычки, быт, этнопсихологические особенности народа, синтез педагогической мысли, опыта и традиций разных этнических компонентов, из которых формируется нынешнее поколение, многочисленные средства, методы и приемы воспитания, используемые в подготовке подрастающего поколения к самостоятельной жизни [1,2,3].

В арсенале народной педагогики имеются своеобразные средства и приемы воспитания - благословение, клятва, напутствие, айтыс (несенные состязания), сказки, легенды, шежире, дастаны, пословицы, поговорки, загадки, изречения, афоризмы, сатирические, юмористические, лирические песни, словесные состязания на бытовые темы, накыл сөздер (частушки), острословие (шешендік сөздер), сказания, эпические поэмы и др.

Появление пословиц и поговорок нельзя обозначить конкретной датой, они пришли к нам из глубины веков, народ их сочинял в любые периоды истории, и в современной жизни их тоже складывают. Специалисты всех стран изучают этот интереснейший жанр устного творчества народа, и не могут полностью его разгадать. **Поговорки и пословицы на казахском языке** вошли в сокровищницу мировой культуры - они отражают не только самобытность и культурное наследие казахского народа, они впитали мудрость многовекового обогащения культурным опытом с другими народами [4].

Фантастические сказки казахов представляют сочетание шаманских и мусульманских верований и представлений. В этих сказках ясно видно стремление народа разгадать тайны природы, проникнуть за пределы видимого, найти обетованную землю. Фантастические сказки и легенды рассказывают о благородных подвигах и мужественной борьбе охотников, метких стрелков, отдельных батыров (богатырей), красавиц, у которых «рот как месяц, глаза как солнце», мудрых старцев-прорицателей («Ер-Тостик», «Едил-Жайк», «Кула-мерген», «Алтын-сака», «Кара-мерген», «Аламани-Жоламан», «Жупаркорыгы», «Асан-кайгы» и др. Батыры, охотники, смельчаки, добиваясь осуществления своих благородных устремлений, преодолевают опасности, борются с враждебными людям силами (семиглавым людоедом, одноглазым драконом, бабой-ягой, лешим, гиеной), всегда находя чудесных помощников. Героям сказок помогают «тулпар» - быстроногий конь, «шестимесячный путь шестью шагами переходящий», «желмая», «самрук» (жар-птица), уносящая батыра в поднебесье.

Казахский эпос - один из основных жанров устного творчества. Он восходит к глубокой древности. В орхон-енисейских памятниках, а также в надгробных эпитафиях, обнаруженных археологами при раскопках, увековечены ратные подвиги батыров и родоначальников. Эти эпитафии являются как бы

отрывками из былин. Былины первоначально составлялись из коротких песен типа «жоктау». Многие песни «жоктау» имеют сходство с отдельными частями эпических произведений. Исследователи полагают, что возникновение таких былин, как «Карабек», «Ер-Кокше», «Кобланды», «Камбар», относится к караханидскому времени и кипчакам XII-XIV вв. В сказках «Ер-Тостик» и «Кула-мерген» рассказывается об охотниках, метких стрелках и батырах; в них проза чередуется с поэзией. В эпосе «Камбар-батыр» также воспевается искусство охотника и стрелка. Вполне вероятно, что именно песни об охотниках, метких стрелках положили начало казахским былинам.

История развития народной педагогической культуры казахского народа уходит в глубь веков. Основываясь на общих закономерностях развития истории Казахстана, условно выделяется три основных периода становления педагогической мысли, соответствующие основным этапам общественного прогресса народов этого региона.

Первый период - ее истоки, первоначальные этапы зарождения, ведущие отсчет с VI по XV вв. (древнетюркские письменные памятники, наследие аль-Фараби, творения поэтов-мыслителей эпохи распада Золотой Орды). Сюда же входит и казахская народная педагогика [5,6,7,8]. В IX-X вв. с системой психолого-педагогических воззрений выступает великий ученый-энциклопедист, уроженец казахской степи, великий сын казахской степи, ученый-энциклопедист, Аристотель Востока Абу Наср аль-Фараби (870-950). «Воспитание - это способ надления городов эстетическими добродетелями и искусствами, основанными на знаниях. Обучение осуществляется путем устной речи, передачей знаний, научением, а воспитание - путем практической работы и опытом, - писал аль-Фараби» [9,10]. В XI-XII вв. широкое распространение получают этико-педагогические трактаты, написанные авторами: Ю. Баласагун, М. Кашгари, А. Югнаки, А. Ясави и др. [11,12,13,14,15,16].

Второй период - развитие педагогической мысли - связан с моментом образования казахского ханства - государства раннефеодального типа (первая половина XV в.). В XV-XVII вв. на общественную арену выходят мыслители-жырау: АсанКайгы-жырау, Шалкииз-жырау, Жиёмбет-жырау [17,18,19]. В XVIII в., период джунгарского нашествия, народная педагогика представлена творчеством Актамберды-жырау (1675-1768), Бухар-жырау (1693-1787), Шал-акына (1748-1814) и др. [17,20]. Философскиетолгау первого степного философа АсанаКайгы устно слово в слово передавались из поколения в поколение на протяжении пяти веков. Источником отражения картины жизни казахского общества той эпохи является творческое наследие Дулата Бабатай-улы (1802-1847) [21], влияющее на формирование мировоззрения Чокана Валиханова, Ибрая Алтынсарина, Абая Кунанбаева [22,23,24,25,26].

Третий период - развитие педагогической мысли Казахстана после свершения Октябрьского переворота в России и до наших дней, периода приобретения суверенитета и независимости Республики Казахстан [26]. По вопросам казахской народной педагогики в эти годы выступают писатели и поэты С. Кубеев (1878-1956), С. Донентаев (1894-1938), Б. Утетилеуов, М. Сералии, А. Диваев, М. Ж. Копеев, Ш. Кудайбердиев, Г. Балгимбаев, М. Кашимов и другие. В 60-70-е гг. крупные историко-педагогические, дидактические, методические проблемы развития разрабатывались в исследованиях Т. Тажибаева (1962), Л. Сембаева (1963), С. Кирабаева (1964), А. Конратбаева (1964), К. Бержанова (1965), Ш. Карибаева (1966), Т. Акчулакова (1967), Г. Уманова (1970), А. Сейтешева (1974), А. К. Кунантаевой (1980), К. Б. Жарикбаева (1982) и др. [28,29,30].

Основные принципы воспитания в народной педагогике

1. Формирование честного, умного гражданина
2. Трудовое воспитание
3. Эстетическое воспитание
4. Воспитание нравственных качеств человека
5. Воспитание любви к родине, народу (патриотизм)
6. Любовь к знанию и искусству
7. Экологическое воспитание
8. Физическое воспитание

Связь основных принципов народной педагогики с научной

• В народной педагогике воспитание молодежи проводится с учетом возрастных особенностей. Например, до 5 лет на ребенка смотри как на царя, до 15 - как на помощника, а после 15 лет - цени как своего друга. Преследует цель воспитания ребенка в качестве друга, помощника, советника. Этот принцип схож с принципом сотрудничества в научной педагогике;

• В народной педагогике воспитание каждого ребенка происходит с учетом его психологии. «Ты рождаешь ребенка, но не рождаешь его характер» - говорят в народе. «У одних и тех же родителей могут быть разные дети», или «Надежду возлагать на ребенка - дело отца, а оправдать надежды - долг ребенка» и др.;

• В народной педагогике воспитание ребенка происходит под влиянием семьи, бабушек и дедушек, окружающей среды, учителя. О влиянии окружающей среды на формирование личности высказывали в своих трудах еще видные ученые-педагоги: А. С. Макаренко, А. В. Сухомлинский, А. Кунанбаев, Ж. Аймаутов, М. Жумабаев. Их идеи созвучны принципам народной педагогики [26,31].

• Еще один из принципов народной педагогики основан на стремлении каждого ребенка к поставленной цели и уважении к его личности. На допущенные ошибки указывали старшие, они же

помогали найти способы решения проблем. Воспитатель должен быть требовательным, в то же время, мягким, доброжелательным.

• Один из основных принципов народной педагогики – целостность воспитания, что идет от общности целей воспитания подрастающего поколения. Если взять любое пособие по воспитанию, то виды – трудовое, умственное, эстетическое, физическое и др. – все взаимосвязаны между собой. Это можно проследить еще в жырах, колыбельных, благословениях, размышлениях (толгау). Существует множество научно-педагогических трудов по проблемам воспитания.

• Как в народной педагогике, так и в научной – воспитание идет непрерывно от рождения и до конца жизни.

• Народная педагогика основана на всеобщем участии в воспитании родителей, старших членов семьи, уважаемых аксакалов, представителей искусства и др. В научной педагогике также коллективному воспитанию придавалось особое значение. В заключение можно сказать, что народная педагогика явилась источником формирования положений и закономерностей научной педагогики.

Одна из главных задач современной педагогики – воспитание подрастающего поколения, развитие умственных способностей. Воспитание и обучение должны быть связаны со стремлением к чему-либо, с мечтой о будущем.

Общность принципов народной педагогики и научной:

1. Воспитание с учетом возрастных особенностей.
2. Воспитание с учетом индивидуальных особенностей ребенка.
3. Воспитание с учетом особенностей окружения (семья, место рождения и т.д.).
4. Воспитание чувства гуманности, человеколюбия.
5. Воспитание наряду с развитием и обучением.
6. Воспитание в единстве всех его видов.
7. Сохранение непрерывности процесса воспитания.
8. Воспитание на основе коллективизма.

Сегодня народная педагогика является не только объектом научных исследований, но вместе с тем является основой развития педагогических теорий, особенно семейного воспитания и педагогики сотрудничества. Поэтому, сегодня народная педагогика имеет огромное как практическое, так и научно-теоретическое значение.

Рассмотрев основные принципы и особенности народной педагогики, можно определить научно-методическую систему казахской этнопедагогики, которая выглядит так:

1. Цель и задачи народной педагогики: Воспитание разносторонне развитой личности.
2. Содержание: Дать молодежи на основе национальных обычаев-традиций умственное, нравственное, эстетическое, физическое, трудовое виды воспитания.
3. Методы: Разговор, беседа, объяснение, доверие, обучение, наглядность, личный пример, просьба, приказ, упражнение, благословение, проклятие, поощрение и наказание и т.п.
4. Виды: Игры, праздники, трудовые мероприятия, вечера и др.
5. Средства: Сказки-легенды, айтыс, загадки, традиции, считалки, песни-кюи, национальные игры, разговор, уроки и кружки.
6. Результат: Всесторонне развитая, гармоничная личность.
7. Вспомогательные средства: Природа, труд, деятельность, традиции-обычаи, искусство, религия, родной язык, национальные игры.
8. Среда воспитания: семья, место рождения, коллектив, народ, школа, медресе.
9. Объект воспитания: подрастающее поколение.
10. Народные воспитатели: родители, бабушки-дедушки, старшие сестры-братья, старики – «аксакалы» в ауле, представители искусства.

Литература

1. Бромлей Ю.В. Этнос и этнография. М., 1979.
2. Бромлей Ю.В., Подольный Р.Г. Человечество - это народы. - М., 1992.
3. Гуткин О.В. Проблема соотношения понятий диалога культур и диалога в культуре. Человек, диалог, понимание. Саратов, 1996.
4. <http://bebi.lv/poslovici/pogovorki-i-poslovitsy-na-kazakhskom-yazyke-s-perevodom.html>
5. Жарикбаев К.Б., Калиев С.К. Антология педагогической мысли Казахстана /Сост.— Алматы: Рауан, 1995.— С. 523.
6. Калиев С.К. Народная педагогика в казахском фольклоре. 1987.
7. Крысько В.Г. Этнопсихология и межнациональные отношения. М., 2002.
8. Кукушин В.С., Столяренко Л.Д. Этнопедагогика и этнопсихология. Ростов н/Дону, 2000.
9. Хайруллаев М.М. Абу Наср ал-Фараби, М., 1982, С.48.
10. Лемберг Р.Г. Дидактические очерки. 1960.
11. Юсуф Баласагунский. Благодатное знание / Пер. Иванова. — М.: Наука, 1983.
12. Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугатат-Турк / Перевод, предисловие и комментарии А. М. Ауэзовой; индексы составлены Р. Эрмерсом. — Алматы: Дайк-Пресс, 2005. — 1288 с.

13. Махмуд ал-Кашгари. Диван лугатат-турк (Свод тюркских слов): В 3-х томах / Пер. с араб. А. Р. Рустамова под ред. [И. В. Кормушина](#); предисл. и введ. И. В. Кормушина; примеч. И. В. Кормушина, Е. А. Поцелуевского, А. Р. Рустамова; [Институт востоковедения РАН](#); [Институт языкознания РАН](#). — М.: Восточная литература, 2010. — Т. 1. — 464 с.
14. [Бертельс Е.Э.](#), Хибат аль-Хакаиқ Ахмада Югнаки, «Тр. Среднеазиатского гос. университета. Новая серия», 1945, в. 3. Гуманитарные науки, кн. 1, с. 29-45.
15. [Малов С.Е.](#) Памятники древнетюркской письменности, М., 1951, с. 316-322.
16. [Гордлевский В. А.](#) Ходжа Ахмед Ясави // Избранные сочинения. — М., 1962. — Т. III.
17. Казахская ССР: краткая энциклопедия / Гл. ред. Р. Н. Нургалиев. — Алма-Ата: Гл. ред. Казахской советской энциклопедии, 1991. — Т. 4: Язык. Литература. Фольклор. Искусство. Архитектура. — С. 131.
18. «История Казахстана». Учебник для 10 классов общественно-гуманитарного направления общеобразовательных школ. Второе издание. / А.Т. Толеубаев, Ж.К. Касымбаев, М.К. Койгельдиев и др. - Алматы: Мектеп, 2010. - 240с.
19. Тынышпаев М. Материалы по истории казахского народа. — Алма-Ата: «Алтын-Орда», 1990. — 64 с.
20. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет.
21. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Лтд.» ЖШС, 2010 жыл.
22. Бегалин С. Чокан Валиханов (повесть), — Москва, 1976.
23. [Стрелкова И.И.](#), Ш.Валиханов. — М.: [Молодая гвардия](#), 1983. — 288, [34] с. — ([Жизнь замечательных людей](#). Выпуск 6 (635)).
24. Абай. Энциклопедия. — Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы.
25. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы. [«Қазақ энциклопедиясы»](#) Бас редакциясы, 1998
26. Ситдыков А. Педагогические идеи и просветительная деятельность П Алтынсарина. 1968.
27. Жарикбаев К.Б., Калиев С.К. Антология педагогической мысли Казахстана /Сост.— Алматы: Рауан, 1995.— С. 523
28. Жарикбаев К. Из истории развития педагогической мысли в дореволюционном Казахстане. 1978.
29. Мадии И. Развитие педагогической мысли Казахстана в советский период 1976.
30. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса -
31. Волков Г. Н. Этнопедагогика. - С. 162.

Түйін

Мақалада халықтық педагогикасындағы тәрбие құралдарының бай мұрасы зерттеледі: айтыс, ертегі, аңыз-әңгімелер, шежіре, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ысқақ әңгімелер, ән, өлеңдер, нақыл сөздер, шешендік сөздер және т.б.

Summary

Herein article is analysed people's pedagogics of upbringing. These article contain 31 use references. Analysis of people's pedagogics of different periodsof history possible to trace the evolution of the development of creative individuals Kazakhstan, showed the ability of people to the retrieval and display of the surrounding reality.

ӘОЖ 746.31

Кунжигитова Г.Б., Жолдасбекова Қ.Ә., Қалманова Б.Е.
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ КЕСТЕ ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ КӨРКЕМДІК БІЛІМ БЕРУГЕ ДАЯРЛАУ

Аңдатпа: Мақалада болашақ мұғалімдерді кесте өнері арқылы көркемдік білім беруге даярлау арқылы көркемдік мәдени мұрасындағы ғылыми-педагогикалық, психологиялық, әдіснамалық материалдарды жан-жақты зерттей отырып төмендегідей қорытындылар жасалынды.

Кілттік сөздер: Болашақ мұғалімдер, кесте өнері, көркемдік білім, көркемдік қабілет, іс-әрекет, көркем өнер шығармашылығы.

Көркемдік білімнің мақсаты мен міндеттері өнердің өмірдегі мәніне деген түсініктер деңгейіне, өнердегі рухани көркем мұраны ұрпаққа жеткізудің бағыт бағдары мен үрдістеріне тікелей байланысты.

Көркемдік білім – айналадағы дүниені көркемдік бейне арқылы көрсететін қоғамдық сананың және адамзат іс-әрекетінің, өзін-өзі және дүниені қайта өркендетудің спецификалық түрі, қоғамның динамикалық дамуының кілті және негізгі алғышарты[1].

Көркемдік білім, қабілет, іс-әрекет нәтижелері – өнер - адазаттың тарихи дамуы барысында пайда болған эстетикалық құндылықтарға, тұлғаның ішкі дүниесіне рухани әсер ету қасиетіне ие болады.

Көркемдік білім түсінігі философиялық, әлеуметтік және тарихи эстетикалық тұрғыдан М.С. Каган өндіріс және тұтынушылық арасындағы көркемдік құндылықты насихаттау және дамыту жолдарын [2], Ю.А. Лукин эстетикалық құндылықтарды игерген тәжірибелік өнер немесе материалдық заттарды меңгеру, жасау, дамытудағы рухани-тәжірибелік іс-әрекеттер үрдісі мен құбылыстардың жиынтығын, А.П. Садохин көркем өнер шығармашылығының негізін [3], Г.К. Шалабаева түрлі іс-әрекеттердегі көркем құндылықтардың жиынтығын, өткен мен бүгінгі мәдени мұра арасындағы байланысты[4], Ю.У. Фохт-

Бабушкин өнердің танымдық, құнды-бағыттылық, коммуникативтік бағыттарын өз еңбектерінде зерттеген [5].

Көркемдік іс-әрекет – тарихи тұжырымдалған адамзаттың тіршілігінің өнердегі нәтижесі және атрибуты, бүкіл иррациональды шынайылықтың материалды алғышарттардан пайда болуы.

Көркемдік білім көп функционалды жүйесі тарихи кезеңдегі материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығын, мәдени іс-әрекеттің түрі мен мазмұнын, адамдардың қоғамдық, эстетикалық іс-әрекеттерінің нәтижесін, ғаламның және адам ішкі дүниесінің құпиясын, адам жанының өлшемсіз байлығын мазмұндайды. Көркемдік білімнің эстетикалық іс-әрекеті адамзат іс-әрекетінің түрлері жүзеге асады. Шығармашылық іс-әрекет: дизайн саласында өнер шығармаларын қабылдау, баға беру, сезіну, эстетикалық ой, көркем-тәжірибелік іс-әрекет: әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ерекшеліктерін анықтайды. Көркемдік білім құрылымы – көркем мәдениет негіздерінің мазмұндық-құрылымдық аспектілері мен атқаратын функцияларының біртұтас, беріктігін қамтамасыз ететін элементтердің жиынтығы мен байланысын береді. Көркемдік білім жүйені топтастырады: қоғамдағы өнердің заттық-функционалдық түрі; өнер жүйесі мен өнер туындылары. Көркемдік білім адамзат іс-әрекетінің бір түрі және оның шығармашылық қабілетін жүзеге асыратын рухани мәдениеттің бір жүйесі ретінде қарастырылған. Көркемдік білім құрылымдық-мазмұндық жүйесі жоғарыдағы аталған компоненттердің динамикалық біртұтастылығында антика дәуірінен бастау алып, Қайта өрлеу, Ағарту, бүгінгі жаңа дәуір көркем мәдениетімен жалғасады.

Көркем білім рухани және эстетикалық құндылықтар мен көзқарастар, шығармашылық (ғылыми, эстетикалық, рухани), дүниетаным, адамгершілік сияқты қоғамдық сананың түрлерін біріктіріп, рухани және материалдық өндірістің байланысында рухани құндылықтар жасау; рухани жалғастық; оларды пайдалану және жүзеге асыру сияқты кезеңдермен ерекшеленеді.

Зерттеуші ғалымдардың зерттеулері төмендегі мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді:

- Біріншіден, бейнелеу өнері мен көркемдік қызметтің арасындағы тікелей байланыс бар, өйткені бейнелеу өнері туындыларындағы әсем үйлесімділік пен бейне біртұтас. Ондағы бейне (символикалық белгі), сурет (көркем бейне), ою өрнекте (стилизация) сезім мен ой тұтастығы, көркем мәдениеттің шығармашылық психологиясының күдіреті, мазмұн мен түрлерінің бірлігін береді.

- Екіншіден, бейнелеу өнері көркемдік негізде жүзеге асатын шындықтың жансыз көшірмесі. Ол халықтың мінез-құлқын, психологиялық кейпін, өмірі мен тұрмысын, болмысын шындық тұрғысында адамзат қоғамының дамуының барлық кезеңдерін қамтып, заманның рухани мәнін, саяси, философиялық, көркем-мәдени эстетикалық, эмоциональды-психологиялық, адамгершілік идеяларын мазмұндайды.

- Үшіншіден, уақытпен қабылданған, жазықтықта немесе кеңістіктегі әлемнің нақты, көрнекті көріністі бейнесін жасаушы өнер екені дәлелденген.

Қазақстандық ғалымдар зерттеулерінде «бейнелеу» әлденені көз алдына әкелу, «бейнелеу өнері» адамның көңіл-күй, сазы мен сезім тереңдігін дамытатын құрал және бейнелеу өнерінің әр туындысы, бір мүлгіген тыныштықта көрерменнің ішкі ойын, сезімін бір ортаға біріктіріп, одан қорытынды жасауға, өзіне қажеттіні игеруге талпындырады. Профессор Б.Б. Байжігітов жіктеген бейнелеу өнерінің ерекшеліктері төмендегіше: «...бейнелеу өнерінің негізгі басты критерийі затты, тұлғаны, табиғатты «бейнелеу». Яғни, көркем құрал-тәсілдер (бояу түсі, нақыштау, ою, шекімдеу) және материалдар (қағаз, кенеп, тас) арқылы табиғи объектінің бейнесін сомдау; шындықтың көшірмесі болғандықтан көбіне «ұқсас», «ұқсас емес» деген критерийлермен бағаланады; бейнелеу өнері кеңістіктік, көріністі-бейнелі, (визуальді) сызық пен жазықтылық, пішін масштабтылығы мен пластикалық икемділікке қатысты пластикалық, нақышпен, әсем бедермен, айшықты бояу түсімен, ырғақ сызық әуендерімен, танбалармен айқындалып, басты көркемдік белгісі сұлулық, әсемдік болғандықтан «әсем өнер» өнер», - деп сипатталады.

Шетел және Қазақстан ғалымдар зерттеулеріне сүйене отырып, көркемдік білім негізінде бейнелеу өнерінің қалыптасуының ғылыми-теориялық негіздеріне тұжырым жасалында:

- Біріншіден, бейнелеу өнерінің дүниетану түрі дүниені адамның нақты сезімдік бейнелендіру қабілетіне негізделіп, көркем бейне жасалынады. Бейнелеу өнерінде ғасырлар бойы сұрыпталып, әлеуметтік ортада шыңдалған шығармашылық танымында, көркем мәдени мұраның сақталу, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасу, даму заңдылықтары анықталған.

- Екіншіден, бейнелеу өнерінің идеологиялық түрі көркемдік құндылықтарды адам санасында қалыптастыра отырып, өнерді тереңінен ойлауға мән беріп, қоғамдық сананың көркемдік сезім тудыратын түрін мазмұндайды.

- Үшіншіден, бейнелеу өнерінің көркемдік ерекшелігі халықтың белгілі-бір тарихи таным-түсінігінен, өмір салтынан, сұлулық туралы талғамынан, мәдени мұрамыздың тарихи мазмұнынан, дәстүр арқылы жалғасуынан, болмысты тануынан, жазу-сызудан көрініс береді.

- Төртіншіден, бейнелеу өнері туындыларында бейне көркемдік әдіспен іштей байланысып, сабақтасып көркемдік ағымдарға топтастырылады.

Өнердегі әрбір жаңа ағым дәстүрлі ағымның құндылығын жоймайды. Барлық уақыттығы өнердің негізгі тақырыбы заманауи адамның бейнесі болған. Алғашқы қауымдық құрылыста анимизм, тотемизм, антропоморфизм, минимализм, примитивизм, мифология кезеңдерінен бастап, Қайта өрлеу дәуірінде адам тұлғасын, нәрселерді және кеңістіктегі тереңдік, оптика, сызықтық, әуелік перспектива, пропорциялық

қатынас, пластикалық икемділік заңдылықтары канондық ережелер негізінде еуропалық үлгідегі классикалық шынайы бейнелеу өнеріне топтасады. Жаңа дәуірде (заманауи мәдениетте) реализм, классицизм, сентиментализм, импрессионизм, кубизм, футуризм, модернизм, абстракционизм, [гиперманьеризм](#), анахронизм, [граффитизм](#), [неоконцептуализм](#), [неоэкспрессионизм](#), [постминимализм](#), [соц-арт](#), [мультикультурализм](#), [массюрреализм](#), [стрит-арт](#), конструктивизм, орфизм, супрематизм, экспрессионизм, постимпрессионизм, соцреализм, неоклассицизм, сюрреализм және тағы басқа бағыттарда жүзеге асады.

Жоғарыдағы ғалымдар еңбектерін талдау барысында «көркем мәдениет негізінде бейнелеу өнерінің қалыптасуы» дегеніміз «...көркемдік болмыспен тығыз байланысты, өзіндік рухани бағыт-бағдары бар, алуан түрлі көркемдік білім қасиеттер әлеміндегі өмірдегі шындықты бейнелеудегі қоғамдық сананың философиялық тереңдікте дүниетанымдық, идеологиялық, көркемдік сезім тудыратын түрі».

Болашақ мұғалімдерді кесте өнері арқылы көркемдік білім беруге даярлау арқылы көркемдік мәдени мұрасындағы ғылыми-педагогикалық, психологиялық, әдіснамалық материалдарды жан-жақты зерттей отырып төмендегідей қорытындылар жасалынды:

1. Көркем кесте өнерінің көркемдік білімін қалыптастыра отырып болашақ мұғалімдердің туынды бейне тұтастығы туралы түсінігі қалыптасады. Көркем кесте өнерінің шығармашылық әдептелінуін теориялық жағынан терең талдап біртұтас тұлға қалыптастыруға бағытталады.

2. Болашақ мұғалімдерді көркем кесте өнеріндегі көркемдік іс-әрекетінде өз алдына ізгі мақсаттар қоюға баулиды. Көркем кесте өнеріндегі әдептеудің түрлі іс-әрекеттерін терең меңгеру, түрлі көркем әдептеудің тәжірибелік мүмкіндіктерін іс жүзінде қолданудың жаңа бағытын қалыптастырады.

3. Көркем кесте өнерінің көркем бейнені әдептеу арқылы болашақ мұғалімдердің шығармашылыққа «илану» тәсілін игереді. Оның ең бастысы шығарма бейнесі адамның сана сезіміне әсер етіп, көркемдік іс-әрекетке жетелейтін, оған бағыт беретін құрал етіп іс жүзінде меңгеріледі.

4. Көркем кесте өнері негізінде болашақ мұғалімдердің жаңашылдыққа өзін-өзі тәрбиелеудің жолдарын үйретіледі. Бұл болашақ маманның инновациялық ізденуі, көркем кесте өнеріне бағытталған танымды шеберлікті қалыптастырылады.

5. Болашақ мұғалімдердің іс-тәжірибесінде көркем кесте өнерінің көркемдік білімін қалыптастырылады, ой әрекеті мен іс-әрекеті реттеледі, қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынас орнатылады, көркем кесте шығарманың көркемдік әдептеуі қалыптасады.

Әдебиеттер

1. http://sosnovo-school.ucoz.ru/index/vidy_znaniy/0-154
2. Каган М.С. Морфология искусства: Историко-теоретическое исследование внутреннего строения мира искусств. Л., 1972.
3. Садохин А.П. Культурология: теория и история культуры: Учебное пособие. — М.: Эксмо, 2007. — 624 с.
4. [Шалабаева, Г. К.](#) Консенсус в современном диалоге культур и цивилизаций / Г.К. Шалабаева // Шалабаева Г.К. Казахстан: от древних цивилизаций к современности. - Алматы, 2007. – с. 193-241.
5. Фохт-Бабушкин Ю.У. Искусство и духовный мир человека. (Об особенностях воздействия искусства на личность). М., 1982.
6. Аннотация
7. В статье раскрываются аспекты подготовки будущих учителей к художественному образованию через вышивку.

Резюме

Предложены педагогические основы ориентации будущих учителей на художественное образование средствами художественной вышивки, включающих технологию, методiku, разработку новых приёмов педагогического воздействия на личность и условия повышения качества и эффективности художественной подготовки будущих учителей средствами художественной вышивки.

Summary

Working out of pedagogical basis of professional orientation of future teachers on artistic education by means of embroidery art including technology, method, elaboration of new devices of pedagogical effect on personality and on condition of increasing quality and effectiveness artistic training by means of embroidery art.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАННЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ

Аңдатпа: Бұл мақалада Ұлы Отан соғысында Әлкей Марғұланның қазақ ғылымына қосқан үлесі

Кілттік сөздер: Ұлы Отан соғысы, ғылым, эрмитаж, білім, пайза, КСРО

30-жылдардың соңы 40-жылдардың басы Қазақстан ғылымы мен ғалымдары үшін өте ауыр кезең болғаны тарихта белгілі. Қазақ тарихы мен әдебиетінің жүгін арқалаған талай танымал ғалымдар 1937–1938-жылдардағы репрессия құрбаны болды. Елде белең алған рухани жүдеушілікке 1939 жылы неміс басқыншыларының Польшаны жаулап алуымен басталған екінші дүниежүзілік соғыстың зардабы қосылды. КСРО мен Германияның арасында қабылданған 10 жылдық бейбіт келісімге қарамастан 1940 жылы Францияны, Дания, Норвегия, Нидерланды мемлекеттерін жаулап алған Германия әскері 1941 жылы Кеңес Одағына соғыс жарияламастан, тұтқиылдан басып кірді. Сөйтіп, Кеңес халқының Ұлы Отан соғысы, яғни Отанымызды шетел басқыншыларынан азат ету соғысы басталды. Қ.И. Сәтбаев бастаған Қазақстандық ғалымдар қара, түсті металдарды, тау пайдалы қазбаларын, су және гидроэнергетикалық ресурстарды соғыс қажетіне қолдану бағытында ғылыми жұмыстарды жүзеге асыра бастады. КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық бөлімінде астрономиялық обсерватория, тіл және әдебиет, тарих, химия-металлургия, топырақтану, ботаника, және өлкетану институттары ашылды.

1938 жылы Алматыдағы СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалының ашылуына байланысты елге шақырылған жас ғалым Әлкей Марғұлан да алдына бірнеше мақсат қойған еді: біріншіден, тарих, археология, этнография ғылымдарын жүйелеп бір жолға қою; ел ішінде ескерткіштерді зерттеуге арналған экспедициялар ұйымдастыру; ғылымға жастарды бейімдеп, тәрбиелеу; тарих, әдебиет салаларында үлкен монографиялық еңбектер жазу.

Осы 1938 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақ академиясының қара шаңырағында қызмет жасаған ғұлама ғалым бұл міндеттерін зор абыроймен атқарып шықты.

Ал, Ұлы Отан соғысы жағдайындағы елдегі қиындықтар, Ғылым академиясының Қазақ филиалы тарих секторы бойынша кадрлар жетіспеушілігі жағдайындағы ішкі қиындықтар, өте ауыр тұрмыстық жағдайына қарамастан ғалым Әлкей Марғұлан 40-шы жылдардың басынан бастап көне жазба ескерткіштерді және қазақ халқының рухани мәдениетін, фольклорын жан-жақты зерттеумен қатар, археологиялық ескерткіштер кешенін іздестіру, табу, зерттеу істерін алғашқылардың бірі болып бастады. 1940–1941 жылдары 15-тен аса мақала жазып, оқулық құрастырып, «Историческое значение ярлыков и пайцзе» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын дайындайды.

Жоғарыда аталып өткен қиындықтарға қарамастан, осы жылдары Ә. Марғұлан қазақ ауыз әдебиетінің жеке проблемаларын жүйелеп, әдебиеттің негізгі салаларын тереңірек қарастырғанын айту керек. 1940 жылдары жазған «Қазақтың ерлік жырларындағы тарихи қоғамдық сарындар», «Қазақ халқының ерлік аңыз жырлары», «Қазақ эпосының өзіндік характері мен оның тарихқа қатынасы», тағы басқа еңбектері қазақ әдебиеті, оның ішінде ауыз әдебиеті саласында теңдесі жоқ тұңғыш зерттеулер. 1941 жылы Қажым Жұмалиевпен бірге орта мектептің 8-класы үшін «Қазақ әдебиеті» оқулығын жазды. Ондағы ауыз әдебиеті туралы түсінік, тұрмыс-салт жырлары, батырлар жыры, «Қорқыт» образы, «Жиренше шешен» образы туралы материалдарды Марғұлан жазған.

Ә. Марғұланның алғашқы ғылыми еңбектерінің бірі – 1941 жылы «Әдебиет және искусство» журналының 4-ші нөмерінде жарық көрген «Мұхаммед-Хайдар қазақтың тұңғыш тарихшысы» атты мақаласы. Ғалымның бұл мақаласы туралы профессор Мәмбет Қойгелді: «Ғалымның пікірінше, «Тарих и Рашидиде» ерекше көңіл аударуға лайық мәселенің бірі – Қасым хан (1443–1520) билеген тарихи кезеңдегі қазақ қоғамының өркениеттік ерекшелігі. Мұхаммед Хайдар қазақ халқының өмірін мемлекеттік деңгейде ұйымдастыра білген кемеңгер әрі тұлғалы адам болғандығын бөліп айтып, Қасым ханның тарихи бейнесін келістіре сипаттайды. Ұлы тарихшының бұл тұжырымы Қасым хан туралы халық аузында айтылатын «Қасым ханның қасқа жолы» дейтін даналық сөзбен астасып жатыр. «Қасым хан, расында, қазақ жұртшылығының дұрыс өркендеуіне көбірек ой бөлген данышпан адамдардың бірі болған», - деп түйеді өз ойын Әлкей Марғұлан- деп жазды.

Марғұлан зерттеулерінде көне деректер бойынша пайзалардың қолданылуы ғұндар заманынан бастау алады. Егер, ертеректе бұйрықтың жалған емес екеніне дәлел ретінде жаршылар тайпа басшысының бас киімін немесе белдігін көрсететін болса, ғұндар (б.э.д. III- ғ.) осы аталған заттардың орнына «пайза» (қытайдың «пайцзы» сөзінен),-деп аталған ерекше белгіні қолданған. Ә. Марғұлан пайза туралы еңбегінде Н.Я. Иакинфтің еңбегіне сілтеме жасай отырып, мынандай мысалдар келтіреді: «Гунны и усунни пользовались еще «золотой печатью с желтыми шнурами». «Шанью, говорится в китайской летописи,- в

первый день первой луны представлен был сыну неба в загородном дворце Ган-Цзюан, и принят отличным образом. Он занял место выше всех князей. Возглашали его вассалом, но не именем. После сего государь пожаловал ему шляпу, пояс, золотую печать с желтыми шнурками, меч, лук и четыре выпуска стрел». Ағаш тақтайша-пайзалар Түрік қағанатында да (VI–VIII ғғ.) қолданылғаны туралы осы еңбекте Ә. Марғұлан зерттеуші Паркердің еңбегінен: «Қағаны, собирая войска и кавалерию или собирая налоги скотом и тому подобным, всегда вырезывали требуемое количество на деревянной палочке, при этом прилагая к ней стрелу с золотой провололочкой, запечатанной воском в знак неподдельности»– деген дәйекті дәлел келтіреді.

Халықты қанаудың бірден бір құралы ретінде пайза, әсіресе, Моңғол мемлекеті және Алтын Ордада кең қолданыста болған. Пайзалар алтын, күміс, мыстан жасалған, және ағаш тақтайшалардан, нефрит тастан жасалған. Сонымен қатар, бір пайзада арыстанның басы, біреулерінде жолбарыс, немесе, күннің не айдың суреті бейнеленген. Әсіре шұғыл немесе аса маңызды істерде ақсұңқар құс бейнеленген «Сұңқар пайза» пайдаланған. Дөңгелек немесе сопақ болып келетін пішініне қарай, мағынасына қарай қандай пайзаның түрлері болғанын, олардың қандай мақсатта қай түрі қолданылғанын кеңінен қытай және моңғол деректеріне сүйене отырып зерттеген. Моңғол хандары кезінде түрлі дәрежедегі феодалдарға абырой атағына, қоғамдағы алатын орнына қарай тарту-сый ретінде алтын, күміс пайзаларды қолданысқа енгізген.

Марко Полоның жазуы бойынша «командующий сотысячным войском имел дщицу золотую, весом в 400 саяес (1,5 кг. – Ә. Марғұлан) на ней золотые надписи и сверху изображен лев, солнце и луна».

Марко Поло жазған мұндай арыстан, күн және ай бейнеленген алтын пайзалар билеуші династиямен туыстық байланыстағы жоғары тап өкілдеріне өте шектеулі жағдайларда тапсырылған болуы керек. Себебі, ғалым зерттеулері бойынша мұндай пайзаның ешбір үлгісі әлі табылған емес.

Алтын пайзасы бар бектер мен нояндар «тархан» аталып, дербес құқықтылыққа, дербестікке ие болып, бұл тархандық ұрпақтан ұрпаққа берілген.

Пайза жол куәлігі қызметін де атқарған. Мұндай пайза Орталық Азия мен Қазақстанға саяхаты кезінде Марко Поло, Плато Карпини және Рубруктарға берілгендігін баяндай келіп, Ә. Марғұлан Рубруктың «Путешествие в Восточные страны» атты еңбегінің Малейн жасаған аударма вариантынан мысалдар келтіреді.

Ағайынды Пололарға да пайзаның берілгені туралы Марко Полоның еңбегінен мынандай үзінді келтіреді: «Знайте, дал трем послам великого Хана Николло, Маффео и Марко четыре золотые дощечки с приказами. на двух было по кречету, на одной лев, а одна была простая. Написано было там их письмом, чтобы всюду давали бы лошадей, продовольствие и провожатых» (Марко Поло. Изд. 1940. С.15. – Ә. Марғұлан). Зерттеуші-саяхатшылар мен елшілерге берілген пайза қызмет соңында қайтарылуға тиіс болған. Осы секілді жол куәлігі ретіндегі пайза емшілерге, әсіресе, оташыларға, ханның жанұясы мүшелері мен туыскандарына да беріліп отырған.

1846 жылы Минусин өлкесінен табылған, Мөңке ханның тақта отырған тұсы – 1255 жылы дайындалған күміс пайза, 1848 жылы Днепр бойынан табылған Алтын Орданың ханы Абдолланың атынан дайындалған күміс пайза, 1853 жылы Монғолия аймағынан табылған күміс пайзалар Эрмитажда сақталғанын Ә. Марғұлан осы еңбегінде атап көрсетеді.

Ғалымның 40-шы жылдары жазылған «Мұхаммед Хайдар–қазақтың тұңғыш тарихшысы», «Әдыге в истории и преданиях», «Әдыге и Орак-Мамай», «Қазақтың тарихшысы Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің әдеби мұрасы», «Шоқан Уәлиханов және Орта Азия тарихы», «Амангельді Иманов» туралы ерлікке тәрбиелейтін, отансүйгіштік рухта жазылған т.б. мақалалары үшін ұлтшыл атанып, «О характере и исторической обусловленности казахского эпоса» атты мақаласы қатты сынға ұшырап, «Сырым батыр» атты мақаласы жарыққа да шыға алмады.

Ал, Ұлы Отан соғысындағы Ұлы жеңіспен тұспа-тұс келіп, 1945 жылы «Қазақ халқының эпикалық әңгімелері (миф, легенда, ертегі-жыр, аңызды әңгімелер) туралы тарихи-әдебиеттік зерттеулер» тақырыбына Ә.Марғұлан қорғаған докторлық диссертация қазақ ғылымының тарихында алғаш рет қазақтың ерлік жырларына арналды және ғылымдағы үлкен жеңіс болды.

Әдебиеттер

1. Батырбеков Г.О. Неопубликованные документы Вяткина // Отан тарихы. – 2004
2. Марғұлан Ә., Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті. Орта мектептің 8 класына арналған оқулық. – Алматы: Қазмембас, 1941. –160 б.
3. Қойгелдиев М. Марғұлан мұрасы және бүгінгі тарих ғылымындағы өзгерістер // Орталық Қазақстан. – 2004. – 25 мамыр
4. Маргулан А. К вопросу о социальной структуре тарханных грамот и пайзе // Марғұлан Ә.Х. Шығармалар жинағы. – Алматы: Алатау, 2012. – Т. XIII. – 576 б.
5. Марғұлан Ә.Х. Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы. – Павлодар: ЭКО, 2004. – 148 б.

Резюме

Статья о научном творчестве и вкладе в казахстанскую науку академика А.Х. Маргулана в годы Великой Отечественной войны

Resume

Мирзахметова А.

Аймақтық инновациялық университеті, Шымкент, Қазақстан

ҚҰРМАНҒАЗЫ ОБРАЗЫНЫҢ ЖӘНЕ КҮЙЛЕРІНІҢ Х. ЕРҒАЛИЕВ, Ж.НАЖІМЕДЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДА КӨРІНІС ТАБУЫ

Ұлтты ұлт ретінде қалыптастыратын, халықтың атын өшірмей, аман алып қалатын төлтума мәдениеттің бірі - өнер. Өнер – ғасырдан-ғасырға жылжып, атадан балаға, келешек ұрпаққа мирас боп келе жатқан дәстүр. Әрине, өнердің де түрі көп. Соның ішінде қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі күйшілік өнер жоғары тұр десек, артық айтқандық емес.

Қазақтың күй өнерінің, күйшілік өнерінің тарихи тамыры тереңде жатыр. Кей ғалымдар күйшілік өнердің тарихы күй атасы Қорқыттан бастау алады десе, Т.Мерғалиев: «Күй өнерінің тарихы сақ дәуірінен басталады. Оған дәлел, сақ дәуірінен осы күнге дейін жеткен «Шыңырау», «Аққу»күйлері», -дейді.

Күйшілік өнерінің арқасында бір тиек, екі ішекпен-ақ аққуды айдынға қондырып, қыранды көгінде қалықтатып, жаныңа сыр, көңіліңе нұр құятын, жүрегінді қылдай тербетіп, алпыс екі тамырыңды иітетін күй жанрына елеулі үлес қосқан күйшілеріміз қаншама?!

Поэзия саласында күй, күйші тақырыбына алғаш қалам тартқандардың бірі ақын-Хамит Ерғалиев. Х.Ерғалиев көлемді шығармаға, оның ішінде тарихи тақырыптағы туындыға қалам тарту үшін алдын-ала жақсы әзірлікпен келеді. Оны «Құрманғазы» поэмасының жазылу барысында қолданады. Құрманғазы кім еді? Ол – жапырақ бұтақтарын жұлқып, түтіп тұрған түтек те дүлей дауылға еңкеймейтін емендей, сұрқия заманның қатал заңына бағынбаған, содан өлмес мұрасын өндірген өр данышпан. Оның не бір құдіретті күйлері бітіспес кектен, ызаның ыстығынан туындаған. Х.Ерғалиев осындай алып тұлғаны ұзақ жылдар бойы жан-жақты барлап, әр тұсынан байқап, бойындағы өз күші де бабына енді-енді келді-ау, даярлықтың илеуі, пісуі жетті-ау деген шақта Құрманғазының образын жасауға біржола кірісті.[4. 27-б.].

«Құрманғазы» атты поэманың бірінші кітабы қазақ әдебиеті мен көркем өнерінің Москвадағы он күндігі қарсаңында 1958ж. басылып шықты. Кітапты қалың оқушы қызу қабылдап, жан-жақты талқыға салды. Баспасөз бетінде пікір, тілектерін, сын ескертпелерін айтты. Ақын осы оқушы пікірлерін ескеріп, бірінші кітапқа «Сот алдында» атты тарау қосты. Бұл бастапқыда «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды, 1959ж. ақынның таңдамалы жинағында толықтырылған күйінде жарық көрді. Поэманың екінші кітабы 1960ж. жеке кітапша болып шықты. Ал, 1962ж. поэманың екі кітабы біріктіріліп, дербес күйінде жарық көрді.

«Құрманғазы» поэмасы арнауы мен прологы, эпилогінен өзге «Қозыбақ сазы», «Ақсақ киік», «Ерегес», «Келін жолы», «Тұтқиыл», «Сот алдында», «Бұрқасын», «Айжан қыз», «Құтқару», «Ұстаз», «Абақтының алдында», «Қайран шешем», «Қызыл қайың қонағы», «Жатақтағы жақсы кеш», «Арман ағысы», «Шалғайдағы шапқын», «Шұнақ шал», «Сарыарқаға сапар», «Көбік шашқан» деп аталатын жекелеген тараулардан тұрады.

Поэманың өнебойында «азасы көп күндер кешкен» Құрманғазы өміріне байланысты, композитор өмір сүрген дәуірдің, өнер мен ерік, ақыл мен махаббат қуғын-сүргінге ұшыраған ауыр заманның көптеген шырғалаң жайлары көз алдымыздан өтеді. Халық өкілі Құрманғазы поэмада бала кезінен бастап өмірінің ақырына дейін сол бір қалың бұқараға қатал тиген беймезгіл тақсиретінің барлық сатысын басынан кешіреді.[5.29-б.].

Бозбала шағында байдың қозысын қойып, жылқысын бағуға ауысады. Аяғынан оқ тиіп жаралы болған ақсақ киіктен Құрманғазы өзіне тән тағдыр ұқсастығын көріп, соны жалпы жоқ-жітік жалшы, малшы тағдырымен ұштастыра ұғынады. Сондықтан әлгі киіктің мүшкіл хәліне бейжай қарай алмаған болашақ таланттың ішкі эмоция, ой арпалысы оны тура туғалы тұрған жаңа бір күйге, сазға қарай жетектейді:

«...Кел маған!
Қарғамай кел!
Түнейік бір.
Сен өлмей, жүрегімде шошы да жүр!..
Бұйырсын жайлауыңа менің жаным,
Кел, менің құшағыма күй болып кір!» [1.150-б.].

Осылайша, «Ақсақ киік» күйінің шығу тарихын айтып өтеді.

«Ерегесте», «Келін жолында», «Тұтқиылда» оқиға кенет өрбіп, дами түседі. Поэма арқауы қатаяды. Ақысын ала алмаған Сағырбай балалары байға кіріптар болмай күн көруге шыққан жалғыз үй. Құрманғазы елді зар еңіреткен Ә.Ақбаев тырнағынан сүйген жары Әуесін арашалап қалады. Алайда, бір пәледен құтылғанымен екінші қырсық кезек күтіп тұр екен. Сұрқия жаулардың ұрда-жықтары, Дөңбай қажының дөкір қара дойыры бар топ Құрманғазының үйін ойрандап кетеді. Бұл тұста ашынған күйшінің ағасы Байғазы Дөңбай қажының бір үйір қысырағын айдап кетіп, жатақтарға таратып береді.

Қолында билік тұрған үстем тап өкілдері Құрманғазы мен Байғазыны тыныш қоймайды. Біз

Құрманғазының көп ұзамай-ақ Астрахань түрмесіне айдалып бара жатқанын көреміз. Енді бұдан былай оқиға желісі бір сәт босап, қайта ширығады. Оқиганың босайтын жері біздіңше, Құрманғазының Астрахань түрмесінен қашып шығып, адай елінде атақты Мамырайдың Айжан қызы аулында болып, жастардың мерейіне қанып, ат мініп, шапан киіп қайтатын жері. Оқиға тағы шымырқанып, ширыға түсетін жері – елге келу, саулы інгендей боздап жалғыз қалған ана қасіреті, анамен жүздесу, алты айлық ұлы мен жан сүйері Әуесін алып кеткен патша шабармандарының тұтқиыл бүлігі, Ақбаев пен Дөңбай қажы салған әбігер, әлек. Олар ойрандаған шаңырақ, ыза мен қайратқа мінген Құрманғазының білек сыбанып шын күреске түсер кезі.

Осындай көп қиыншылықтардан күйші өмірге шыңдала түседі. Елдерді кезіп замандар шежіресін таниды. Тағдыр күйшіні Сыр бойы, Сарыарқа атырабына апарды. Бұл сапарлары композитордың іштей өсуіне, халқының құса болған ауыр халі мен мүшкіл тіршілігін жете білуіне септігін тигізген әсерге толы.

...Байқасам, бал жинаған арадаймын,
Армансыз қазақ жерін аралаймын;
Бәлкім мен бір ауылдан шалқып өтсем,
Бір тұста жүрегімді жаралаймын.

Уақа жоқ, оған дағы разымын,
Тыңдаймын сахараның біраз үнін.
Бастары бірікпеген ағайынға
Айтылмай базынам мен жүр әзілім... [1.245-246-бб.]–

деген сөзінде күйшінің көкейін кернеген терең сезім, үлкен философия бар. Құрманғазының рухани өсуіне, айналасын айқынырақ көруіне, ой тереңіне барлауына, сол арқылы өмірді терең түсінуге, топшылауға деген ынтықтығын, құштарлығын аңғарамыз. Сонымен бірге халық даналығының, өнерінің қайнар көзі ешқашан бітілмейтініне көз жеткізу және бар. Арқаның аңыраған әні мен қобыз сазы, Алатау атырабының домбыра, шаңқобыз сазына қосылған айтыс-қосықтары мен билері Құрманғазыны құлшындыра түседі. Өмір бар жерде өнер тоқырамақ жоқ деген берік байламға келеді. Бұл кез ой-өрісі кемелденген, өскен, көпті байқаған шағы еді. Мұны біз, әсіресе, Қазанғаптың үйіндегі екі күйші кең шерткіскен сырлардан, дала гимні «Сарыарқа» күйінің туу тұсынан анық аңғарамыз.

Поэманың соңғы тарауындағы жасы ұлғайған Құрманғазының теңіз тасқынына кездесіп, халық қасіретінің куәсі болуында үлкен суреткерлік символика бар. Бұл ақынның образды биіктетуге, оның оқушыға тигізер әсерін әрлеп, эмоциялық, рухани ләззат беретін көркемдігін сомдай түсуге едәуір салмақтандырып тұр. Құрманғазы сияқты халық қадірмендерінің күңіреніп өткен қайғылы халіне ортақтасасың. Поэманың эпилогінен оқушы композитордың көзі тірісінде көрмеген игілігінің бүгінгі дәуірде жүзеге асқанына, көп дауысты, қуатты, қасиетті ұлттық оркестрдің жантебіrentкен үніне елітіп, тербеледі. Оркестр үні даңқты күйші әуенін келешекке, ғасырларға алып бара жатқандай болады.

Ақын геройының бірбеткейлігін, сөзіне берік, қайсарлығын, өжеттігін айту арқылы оның өз айналасындағы басқа адамдардан мүлдем бөлек характерін аша түседі. Әділет пен зұлымдықтың арасындағы бітіспес егес, күрес шиеленісіне толы болған сот сәтінде «Үкіммен, үреймен де жұмысы жоқ» деп суреттейді. Оның жауының алдында жартастай биік, ірі екенін көрсетеді. Мұндай жүректілік дәл осы сәтте Құрманғазы сияқты жігерге белді бекем бұған, өр тұлғалы халық ұлына тән қасиет пе деп қаласың.

Дала ұлдарына тән кейбір қасиеттерден, бала кезден-ақ өмірге бейімді, икемді болатын өнерліліктен, қабілеттіліктен де Құрманғазы құр алақан емес. Аңшылық жай әуестік пе?! Дала тірлігіндегі пенденің о бастан бейімделетін ата кәсібі десе боларлық. Бірақ, әркімнің қолынан келе бермейтін де кәсіп. Бұл да бар Құрманда. Серілік, сауыққойлыққа әркім-ақ құмар болар. Бірақ, оған да барлығының шамасы келе бермейді. Ақын айтқандай мергендік, жүректілік, өткірлік, қайраттылық Құрманғазы образын жасау үшін керек деталь, қажет штрих.

Демек, жауының алдында күй шанағын ұстап, әрекетсіз, қарсылықсыз бас иетін босбелбеу, болбыр жан тұрмайды. Айбарлы, керек болса сұсты, өнеріне сай ерлігі, қайраты мол, тұлғасына батырлық, өрлігіне серілік сәйкес, кесек бітімді адамды танимыз. Оның өзгеден ерек қасиеттерінің бірі де осында.

Біздің алдымызда асқақ күйлері халық мұратына айналған данышпан күйші тұр. «Құрманғазының күйлері міне, осындай уақыт сынынан өтіп, халық көңіліне мәңгі ұялаған ғұмырлы күйлер. Олай болса, композитордың ұлылығында дау жоқ. Кеменгер өнерпаз – кеменгер адам. Ондай кісі замана қандай лас, қандай күйелі болса да, өзінің адамгершілік арына титімдей де кір шалдырмай өтеді. Құрманғазы тірісінде көрместі көрген... Бірақ табиғат берген таңғажайып талант пен өнерпаздықтан асқан бақ бар ма?! Х.Ерғалиев поэмасының құндылығы да, мықтылығы да міне, осындай жайларды қозғауға шейін көтеріліп, ұлы композитордың шырғалаң өмірінен үлкен-үлкен философиялық түйіндер жасауында».

«Құрманғазының» образын Х.Ерғалиев өмір жолын бейнелеу арқылы ашса, Ж.Нәжімеденов күйлерінің мазмұнын бере отырып көрсетеді.

Мысалы, Құрманғазының «Қайран шешем» күйінің дүниеге келу тарихы қысқаша былай екен: Құрманғазының анасы түрмеде жатқан күйшіні іздеп барыпты. Кездесу сәтінде Құрманғазы осы күйді тартыпты-мыс. Анасы : «Неге жылайсың, не қылған боркемік едің, мен сенің көз жасыңды көрейін деп келгенім жоқ»– деп жағынан шапалакпен тартып жіберіпті, дейді халық аңызы. Мұны ақын ұзақ-сонар баяндап жатпайды. Бұлардың бәрін халық біледі деген есеппен ойда қалдырады да, тек күйдің өз табиғатын

ашуға ғана мән береді. Кітаптың ұлы күйшіге арналған бөлімінде композитордың «Қайран шешем», «Түрмеден қашқан», «Адай», «Алатау», «Балқаймақ», «Ақсақ киік» деген күйлерінің тақырыбы мен құпиясын ашуға әрекеттенген. Өлеңдер Құрманғазының тек өнер адамы емес екенін, заман тағдырына, халық өміріне біте араласқан алып тұлғалы адам болғандығын айқын ашып берген.

«Қайран шешем» деген өлеңінде ардақты анасының алдында бар сырын тебірене төккен күйші толғанысын естиміз.

Әр күн сайын басыңа бір уайым қосылды,

Әр күн сайын шашыңа бір уыс ақ қосылды. [2. 230-б.]

Бұл үзіндіден көз алдымызға өзінің көрген азабын есепке алмай, оның салмағы аяулы анасының иығына түскендігін ұғынған азамат бейнесі елестейді. Кейіпкер заманның ауыртпалығын айта келіп, өзіне де, анасына да жігер бере сөйлейді. Халық аузында айтылғандай, көз алдымызға «жылауық Құрман» емес, қайыспас, мұқалмас, жігерлі ер тұлғасы келеді. «Ертең кетем» деген күйдің сазын ақын тұтқынның күзетшіге арнаған сөзі қылып сайратқан. Күй сазында болашаққа сенім, романтика жатқанын, өлең жолдарынан айқын сеземіз.

Көп қадалма қыр ұлына,

Көзінді құр талдырады.

Өзім кетсем орныма

Кісенімді қалдырамын. [2.231-б.]

Қандай қиын жағдайда да кейіпкердің моюды білмейтінін көрсетуге Ж.Нәжімеденовтің юморлық тәсілі де көмекке келеді.

Сен мені ғой мүсіркейсің,

Ал, мен сені аяп тұрмын [2.231-б.] , -

деген жолдар тұтқын көңілінің күзетшіден де биік тұрғандығын көрсетсе, әзілқойлығын:

Қану үшін ұйқың бүгін

Тұтқын болам тағы бір күн.

сенімділігін: Жаппай-ақ қой, қораны да

Бақпай-ақ қой түрме есігін.

жігерлілігін: Кетем, кетем, ар-үнім шын

Солай дейді – көну керек [2.232-б.] , -

деген өлең шумақтары дәлелдей түседі.

«Түрмеден қашқан» өлеңінде даласымен табысқан, кеңшілікті аңсаған, бостандыққа ұмтылған күйшіні танимыз. Бір ғажабы күйші түрмеден

келе жатса да, оның ойында әуен бірге жүреді екен.

Ақын осыны шебер берген.

...Бістық ұрды маңдайға -

Көкірегінде бірте-бірте еріді үн.

Күйшіге тек кеңдік болса – болады,

...Шөп ызыңы – бостандықтың өлеңі

Мынау жер ме, әлде сансыз перне ме? [2. 233-б.]

Өлеңнің әр жерінен алынған үзінділер өнер адамының ерекше қасиетін баян етеді. Күйші қашып келе жатып та өнерімен бірге болып, көңілінде жаңа саз оянады.

«Адай» күйін тыңдаған адам, сөз жоқ, зулап келе жатқан тұлпардың бір емес, көп жылқы дүрмегінің көсіле, мақсатты бағытты бетке алған шабытты шабысын, қазақтың Адай руының адуын да қажырлы жігер-қайратқа толы мінез-құлқын сезінеді.

Күй ырғағы ерекше жігерді, қым-қуыт қимылды бейнелейді.

Екі ішек: бірі бостау, қатты бірі,

Бес саусақ беретіндей ат дүбірін [2.234-б.] , -

дей келіп, ақын күй атымен аталған осы өлеңді адамды жігерлі әрекетке, күреске ұмтылдыратындай нақты детальдарға толтырып жібереді. Мұнда күйшінің қайраты да, мұңы да қатар көрінеді.

Секілді қорғасын-сел балқып ағып,

Асығып, арна салып аңқыды анық...[2.234-б.]

Осы селге батып шыққан түбірімен жұлынған бұта, шағала құстың шаңқылдап аспанға самғауы, мың сұлудың бір қызыққа ұмтылғандай орамалдары желпілдеп бара жатқаны, толқынның жойқын күшімен төңкерілген қайық, қоңырайған жартас – бәрі жүйкені жұлқылаған саусақ күшінен сезіледі. Ақын оқырманға осы ғажайып құдіретін өзін ұқ та, өзінше түсін дегенді мегзейді.

Кірсе егер құлағыңа, күй әлемін

Не жек көр, не бір затты аңсап түсін...[2.234-б.]

Өлең мінезінен жаны дүбірлі дүрмек тынышсыздықты аңсаған күрескер күйшінің жүрегін түсінеміз. «Алатау» өлеңінде ақын асқақ Алатауды көрген күйшінің ішкі толғанысын берсе, «Балқаймақ» атты күй-өлеңінде қазақ қызының бал қаймақтай балбыраған жұмсақ мінезін, ұяндығын, ізеттілігін,

әдептілігін, бір сөзбен айтқанда, қазақ қыздарының характерін ашқан, ал «Ақсақ киікте» жаралы киікті заман оғынан жараланған күйші тағдырымен салыстырады.

Қазақ әдебиеттануы мен өнертану ғылымдарының бүгінгі жеткен биігі, қамтитын мәселелерінің көлемі мен тереңдігі жөнінде мазмұнды еңбектер аз емес. Алайда әлі игерілмеген, қолға алу мезгілі, мерзімі жеткен, бірақ объективтік жағдайлардың пісіп-жетілгенімен, субъективтік жағдайлардың кешеулей беруінен әдебиеттану мен өнертанудың көптеген проблемалары сол қозғалмаған қалпында қалып жүргені рас.

Бұл мақаламызда қазақтың көрнекті ақындары Х.Ерғалиев, Ж.Нәжімеденовтың күйші атамыз Құрманғазының бейнесі мен күйлеріне арналған шығармашылығын талдауға тырыстық.

Музыка – табиғат сұлулығын, адамның жан тебіренісін, сыртқы сұлулық пен жарасымдылықты асқақ сезіммен суреттеп бере алатын күрделі өнер.

Күй өнерін төрімізге көтерудің өзі жеткіліксіз, оны ұлттық мақтанышымыз ретінде соқпақ ашылған арнаның бәріне таратып, қазақ деген сөздің келесі ұғымы домбыра мен күй өнері болып қалыптасуына қалтқысыз қызмет істеу керек.[3.19-б.].

Литература

1. Ерғалиев Х. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.2. Өлеңдер мен поэмалар. – 1983. – 456 бет.
2. Нәжімеденов Ж. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.1. Өлеңдер мен поэмалар. – 1996. – 560 бет.
3. Тұрабаева Л.Қ. Қазақ прозасындағы өнерпаз тұлғасының бейнеленуі. (1960-80жж) Фил. ғыл. канд. дис. – Шымкент, 2006. – 138 бет.
4. Тәжіғұлов С.Ж. Хамит Ерғалиевтің ақындық шеберлігі. Фил. ғыл. канд. дис. – Алматы, 1975. – 140 бет.
5. Юсупов Қ.Ө. Жұмекен Нәжімеденовтің ақындығы. Фил. ғыл. док. дис. – Алматы, 1996. – 268 бет.

Резюме

В статье рассматривается образ Курмангазы, его кюи в поэзиях Х. Ерғалиева и Ж. Нәжімеденова.

Summary

It's considered in article that image of Kurmangazy, his traditional musics in poetries of H.Erghaliev and J.Najimedenov.

ӘОЖ 37.091.3:811.111

Моминова С.М. - магистрант
ЮКГУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІ

Көптеген авторлардың сөзіне сүйенсек, Қазақстандағы қазіргі білім беру жағдайы өзінің оқу процесін құру шарттарын айтып жатыр. Тілді меңгеру қажеттілігі мектептер, лицейлер, гимназиялар мен басқа да оқу орындарының алдына осы салада шынайы білім беру қажеттілігін қойды. Сол себептен, соңғы жылдары шетел тілін оқытуды бастаудың жас табалдырығы бара бара төмендеп келе жатыр. XX ғасырдың 80-90жж. оқушылар шетел тілін 4-5 сыныпта оқуды бастады, яғни олардың жасы 10-11 болды. Уақыт өте келе бұл жас 6-7 жасқа дейін төмендеді, сол себептен шетел тілі кейбір мектептерде бірінші сыныптан бастап оқытыла бастады. Қазіргі кезде балалар шетел тілін барлық жерде естиді: бұқаралық ақпарат құралдарында, кинода, ата-аналарымен шетелге демалуға барғанда, компьютерді қолдануда.

Осы жағдайға және баланың шетел тілін меңгеруге деген қажеттіліктің өсуіне бағыттала отырып, білім беру мекемелері жаңа оқыту әдістерін қолдана отырып, ерте жастан тілге үйретудің бағдарламаларын жасауға ұмтылуда [5].

Бірақ кейбір авторлар, 1 сыныптан шетел тілін үйрету бастауыш мектеп білім беру мазмұнын кешірілмес күрделендіру, және ол зиян, өйткені «баланы балалық шағынан айырады», деп

есептейді [3]. Қалай болғанда да, осы саладағы отандық және шетелдік зерттеулердің тәжірибесі, шетел тілін үйрену сабақтар дұрыс ұйымдастырылған жағдайда балаларды жан-жақты дамытып, олардың білім алу және мәдени деңгейін жоғарылататындығын дәлелдейді. Осылайша, Англия мен Уэльс мектептерінде жүргізілген, 6000 баланы қамтыған тәжірибенің қорытындысы, шетел тілін оқыту сабақтары ана тілін үйрену сабағына оң әсерін туғызатындығын көрсетті, тәжірибе барысында көптеген қабілеті нашар оқушылар шетел тілінде сөйлеу барысында жақсы көрсеткіштер көрсетті. АҚШ пен Канаданың алдыңғы қатарлы университеттерінің зерттеулері екі тілде сөйлейтін балалардың когнитивті қабілеттері бір тілде сөйлейтін балаларға қарағанда жақсырақ екендігін көрсетті.

Шетел тілін үйрену балалардың жалпы психикалық жағдайына (есте сақтауына, назарына, елестеуіне, ойлауына), өмірдегі әр түрлі жағдайларда дәлме-дәл мінез-құлық әдістерін жасауға, ана тілін жақсы меңгеруге, жалпы бала тілінің дамуына қолайлы әсер ететіндігі анықталған [7].

Ағылшын тілін үйренуді бастау үшін тиімді жас қай жас екендігі туралы бір жақты пікір әрине жоқ. Кейбір педагог-практиктердің пікірінше, ағылшын тілін меңгерудің ең тиімді жолы – нәресте туылғаннан бастап онымен ағылшын тілінде сөйлеу. Өйткені ол есту қабілетін дамытып, әлемдегі әр түрлі дыбыстар туралы түсінік береді. Бала шетел тілін ересек адамға қарағанда жеңілрек және жылдамырақ меңгертіндігі сөзсіз. Сезімталдық кезеңінің ұзақтығын әр түрлі авторлар түрліше сипаттайды: баланың миының шетел тіліне қатысты арнайы қабілеті бар, бірақ бұл қабілет жас ұлғайған сайын төмендейді екен. Көптеген зерттеушілер ағылшын тіліндегі арнайы сабақтар 3-10 жастан басталу қажет, ал 3 жасқа дейін бос әрекет, 10 жастан кейін егер балада коммуникативті және лингвистикалық ерекшеліктері орта деңгейден жоғары болмаса, оң нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес деп тұжырымдайды. Ағылшын тілін меңгерудің ең тиімді жасы 5-8, ол кезде бала ана тілінің жүйесін жақсы меңгеріп, жаңа тілді меңгеруге саналы түрде кіріседі [11].

Талдау жүргізілген әдістемелік әдебиеттер негізінде біз орта мектептің 12 сыныбынан бастап ағылшын тілін оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастырудың бірнеше ерекшеліктерін анықтадық.

Педагог сабақты оқытудың ұжымдық формалары жағдайында дара тіл табу негізінде өткізуге тырысуы керек. Бастауыш мектепте шетел тілін оқыту процесінің тиімділігі баланың тілді білуімен, меңгеру деңгейімен немесе тілдік материалды түсінумен байланысты емес, ол баланың үйреніп жатқан тілде мәдениаралық қарым-қатынас жасауға қатысу дайындығы мен қызығушылығымен байланысты. Егер мектеп қызметінің негізгі түрі тыңдау, сөйлеу, оқу немесе жазу болмай, мұғалім мен оқушы арасындағы белсенді тілдесу болса, ағылшын тілін меңгеру оңай болар еді [7].

Оқушының қоршаған ортамен қарым-қатынасына да үлкен назар аудару керек. Оқушы ағылшын тілінде тілдесудің алдында қате жіберуге қорықпай, қолдағы барлық құралдар көмегімен коммуникативті ниетін жүзеге асыруға тырысуы керек. Вятютнев М.Н. пікірінше, қате – коммуникативті құзыреттілікті тиімді меңгерудің құралы мен шарты; қате жіберу табыссыздықтың белгісі емес, керісінше, оқу процесінің дұрыс жүріп жатқандықтың және оқушылар сабаққа белсенді қатысып жатқандығының белгісі [4].

Ағылшын тілінде қарым-қатынас жасау барысында балалардың өзара әрекеттесуінің қолайлығы олардың оқытудың әр түрлі ұйымдастыру формаларын қолдануына тәуелді. Кеңінен қолданылатын фронтальды және жеке жұмыс жасаумен қатар оқу процесіне басқа да формаларды ендіру қажет: топтық, ұжымдық, жобалау жұмыстарын. Ол меңгеріп жатқан тілге арналған әр түрлі тақыптық кеш, мейрам, қабырға газетін шығару, өзіндік зерттеуді жүргізу түрінде болуы мүмкін («Ағылшын мақал-мәтелдері», «Halloween» және т.б.).

Балаларға өздерінің білімін тәжірибелік маңыздылығын түсінуге мүмкіндік беретін жобалау әдісін оқыту процесіне ендіру мәселесіне көбірек назар аудару қажет. Жобалау әрекетінің басты қағидалары:

- «тілдік» емес, тәжірибелік нәтижеге қол жеткізуге бағытталған нақты мақсатты анықтау;
- Бір оқушының немесе оқушылар тобының тілдің көмегімен тілден тыс тәжірибелік әрекетті орындауға бағытталған нақты тапсырмаларын алуы;
- Берілген тапсырманы оқушылар өз бетінше орындауы және қажет болған жағдайда мұғалімнің көмегі;
- Жұмыс нәтижесі үшін оқушылар мен мұғалімдердің бірлескен жауапкершілігі [8].

Гальскованың пікірінше, оқушылар, әсіресе 1 сынып оқушылары ағылшын тілін қарым-қатынас құралы ретінде ғана оқымай, оларды ағылшын мәдениетіне араластыру элементі ретінде оқуы керек [2]. Елтану уәждемесін қалыптастыру үшін балаларға Ұлыбританиядағы құрдастарымен хат жазу, ашық хаттармен, суреттермен, касеталармен алмасу жұмыстарын ұйымдастыру қажет. Әрине, бірінші сынып оқушысы үшін бұл жұмыс өте күрделі, мұғалім оны ақпарат алмасу буфері ретінде қолдана алады. Баланы Ұлыбритания мәдениетінің әлеміне кіргізу – мұғалімнің ең маңызды міндеті, өйткені оны шешу барысында мұғалім балалардың жалпы адамдық санасын қалыптастыруға көмектеседі.

Көптеген авторлар шетел тілі сабағын ерекше түзету-логопедиялық жаттығу ретінде қарастырады. Бастауыш сынып оқушысының тілдік аппараты өте икемді, естіп қабылдау аппараты да өте сезімтал. Бұл жастағы балалар сорғыш секілді қоршаған ортаның дыбыстық мазмұнын жақсы қабылдайды, жаңа дыбыс тіркесіне таң қалады, дыбыстармен ойнайды, оларды салыстырады, баланың есту тәжірибесі әр түрлі түпнұсқалық байланыстарды шығарады. Осы аяда шетел тілінің дыбыстарын, дыбыс тіркесін, сөз және сөйлемшелерді қабылдау және оларды қайталау оңай. Онымен қоса, бала шетел тілінің кейбір дыбыстарын оған ұқсас емес ана тілінде бар (бірақ бірдей емес) дыбысқа қарағанда дұрыс айта алады (мысалы, қазақ тіліндегі «р» және ағылшын тіліндегі «r»). Ол кезде баланың өзін-өзі бағалауы өседі, бала табысты жұмыс жасай алатындығына сенеді [5].

Әрбір сабақты фонетикалық жаттығудан бастаған дұрыс, жаттығу барысында бала ағылшын дыбыстарын қайталап қана қоймай, бұл дыбыстың ана тіліндегі дыбыстан айырмашылығын есте сақтап қалуға көмектеседі [12]. Фонетикалық ойындар онымен қоса, дыбыстардың артикуляциясын, үйреніп жатқан тілдің интонациясын өңдеу үшін де қажет. Дыбыстар мен әріптердің әр түрлі үйлесімі бар санамақтар, тақпақтар, мысалы, ұлттық балаларға арналған фольклордан болуы мүмкін (би, ән). Санамақ ойын алдында

қимыл-қозғалыспен көрсетілуі мүмкін (би, пантомима, ым, мимика). Фонетикалық ойындарға «Жаңғырық», «Бұзылған телефон», «Дыбысты анықта», «Дауыс арқылы тап» және т.с.с. ойындарды жатқызуға болады. Бұл ойындар аналитикалық сипатқа ие, баланың фонетикалық және тілдік есту қабілетін дамытады, және балаларды дыбыстарды бөлуге үйретеді. Бұл ойындарға қоршаған орта дыбыстары мен музыкалық аспаптардың дыбысын салатын дыбыстары бар ойындар жатады [11].

Ерекше дыбыс тіркестерін дауыстап, нақты айту, тақпақ, өлең мен жаңылтпаштар ішіндегі сөздер мен сөз тіркестерін дикциямен айту бала тілінің дыбыстық мәдениетін қалыптастырады.

Ағылшын тілі сөздерін оқу барысындағы қиындықтар ағылшын тілі графемалары мен фонемалары байланысының күрделі жүйесімен негізделеді. Мұнда ережелерді жаттаудан басқа, әр түрлі орфографиялық жаттығу-ойындары пайдалы болады: «Жасырылған сөйлемді тап», «Сөздің басы мен аяғын байланыстыр», «Әріптерден сөз құра» және т.б. [9].

Сонымен қатар, бастауыш мектепте ағылшын тілі сабағында баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту мүмкіндігі де байқалған. Балалық шақтағы шығармашылық мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Шығармашылық түсінігі Брокгауз бен Эфрон Сөздігінде толық қарастырылған. Бұл сөздің тікелей мағынасы – жаңаны жасау [10].

Білім беру жүйесінің оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталуы маңыздылығы және қажетті процесс деп көптеген ғалымдар мен педагог-практиктер есептейді. Бірақ қазіргі мектептерде жұмыс алдын ала берілген үлгі, дайын ережелер мен сызбалар, дедукция, ауызша-символдық тіл бойынша жүргізілуде. Мектептерде баланың шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға, өз бетінше шешім қабылдауға, ойлау батылдығына бағытталған бағдарламалар жоқ. Мектеп мұғалімдерінің өзінің шығармашылығы мен оқушылардың шығармашылығын дамытуға мүмкіндіктері жоқ [6].

Тәжірибелік мағлұматтар негізінде Д.Б.Богоявленская шығармашылық қабілеттердің пайда болуы жүйелі түрде жүрмейді, оның екі кезеңі бар деді: біреуі 3 сыныпқа қарай көрінсе (10 жаста), екіншісі жасөспірім шақта көрінеді екен [1].

Мотков О.И. айтып кеткеніндей, Ресей мен АҚШ балалардың креативтілігі көрсеткіші бойынша салыстырмалы мәліметтер біздің балалардың жас өткен сайын осы сипаттамалардың ауытқуының қолайсыз динамикасын анықтады. Ал американдық балалардың шығармашылық көріністері барлық көрсеткіштер бойынша өсуде: жылдамдық, иекмділік және түпнұсқалық. Автор, шығармашылық әрекет адамның салауатты және үйлесімді өмірінің қажетті бөлігі, екендігін атап айтқан [2]. Біз де осы айтылған оймен келісеміз.

Балалардың шығармашылығын ынталадыратын және үйлестіретін педагог қызметінің Мотков О.И. ұсынған белгілерін құнды деп санаймыз:

1. Баланың өз ойы мен әрекетін көтермелеу;
2. Балаға бір нәрсені өзі жасауына кедергі келтірмеу;
3. Оқушының пікірін, ол қандай болса да, сыйлау;
4. Сабақ барысында балаларға еркін түрде сурет салуға, қызықты қимыл-қозғалыстар жасауға, басқа да шығармашылық әрекеттер көрсетуге ұсыну;
5. Баланың жасаған әрекетін бағалаудың нақты бір жүйесін қолданбау, жұмыстардың жеке мазмұнды сәттерін талқылау, басқа баламен, оның бұрынғы жұмысымен салыстырмау;
6. Баланың әдеттен тыс бейнесіне, сөзіне немесе қимылына күлмеу;
7. Баламен бірге шығармашылықпен айналысу және ойнау – процестің қатардағы қатысушы сияқты;
8. Өзінің бейне мен қимыл-қозғалыс, бейнелеу үлгісі мен ойлау бағдарламасын қолдануға мәжбүрлемеу;
9. Бір нәрсені жасау, оны сақтау сияқты шығармашылық процестерді ұйымдастыруға үлкен көңіл бөлу;
10. Әр түрлі қызықты тапсырмаларды ұсына отырып, кез келген шығармашылық қызметке балалардың қатынасындағы қанағатшылдық сезімін дамыту;
11. Сабақ үстінде оң эмоционалдық ырғақты сақтау;
12. Шығармашылық әдістер мен тапсырмаларды пайдалану: құрамына сөздер, дене қимылы, дыбыс, көру бейнелері, дәм сезу, ұстап көру, иіскеп көру сияқты әрекеттері бар шығармашылық ойындар; психологиялық мәдениетті дамыту курсынан алынған жаттығулар: қарым-қатынас жасау, шығармашылық ойлау, психологиялық өзін-өзі басқару, іскерлік сапа, өзін-өзі тану т.б. [6].

Ағылшын тілі сабақтары ойын негізінде де ұйымдастырылады, өйткені бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігі білімді ойын түрінде алуға бағытталған. Жұмыс барысында оқушыларға өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік беретін технология мен бейнелеу өнері бойынша сабақтармен байланысын, біріктірілген сипатын айта кеткен жөн (ұсақ түйектерді, коллаждарды, суреттерді және т.с.с. дайындау).

Осылайша, осы мәселені қарастырған әдебиеттерге талдау жасау негізінде біз мынадай тұжырымға келдік, ағылшын тілі сабағы мектеп табалдырығын аттаған сәттен оқытылуы керек. Бірінші сыныптан бастап бала бойында оқу уәждемесі қалыптасады, ол мектеп өмірінің сыртқы ерекшеліктеріне, оқу процесінің ішкі мазмұнына қызығушылығын білдіреді. Бұл жаста оқып жатқан пәндерге деген тұрақты қызығушылық қалыптасады, білім салалары туралы жалпы түсінік қалыптаса бастайды.

Әдебиеттер

1. Гальскова Н.Д. Процесс обучения иностранным языкам в начальной школе/Н.Д. Гальскова, З.И.Никитенко. – Иностранные языки в школе, 1994. -№1.
2. Вятютнев М.Н. Обучение иностранному языку в начальной школе / М.Н.Вятютнев. – Иностранные языки в школе, 1990. - №6.
3. Кожевникова О.В. К вопросу о раннем языковом образовании детей дошкольного возраста / Кожевникова О.В.//Теоретические и практические вопросы языкового образования: Сб. Научн.тр. – Ижевск, 2003.

Резюме

В данной статье рассмотрена эффективность процесса обучения английского языка в начальных классах. Было выявлено, что изучение иностранного языка благоприятно влияет на общее психическое состояние ребенка (на память, внимание, воображение, мышление), эффективное изучение родного языка, и развитие разговорной речи. Необходимо обратить внимание на взаимоотношение ребенка с окружающей средой. Ребенок не должен бояться сделать ошибку во время выражения своей мысли на английском языке, он должен осуществлять коммуникативные потребности с помощью подручными средствами. Каждый урок необходимо начинать с фонетического упражнения, во время упражнения ребенок не только повторяет звуки английского языка, но и запоминает их отличия от звуков родного языка. Фонетические игры также способствуют освоению артикуляцией звуков.

Summary

This article considers the efficiency of English language teaching process in primary school. Study of foreign language influence on psychological condition of children (mind, attention, imagination, thinking), effective study of a native language, and development of speaking. It is necessary to pay attention to child's relationship with environment. A child mustn't be afraid to make a mistake while speaking in English, he must realize his communicate needs with the help of available means. Each lesson should be started with phonetic exercises, because while training the child not only repeats the English sounds, he also remember their differences from native language sounds. Phonetic games help to learn the sound articulation.

УДК 37.013.77

Ниязалиева М.А. - старший преподаватель
ЮКГУ им. М.Ауэзова, Шымкент, Қазақстан

МОТИВАЦИЯ УЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Аннотация: В статье рассматривается вопрос о мотивации учения младших школьников как источника учебной деятельности, а также определяющей ее успешность и эффективность. На основе приведенного теоретического анализа формулируется предположение о том, что учение имеет полимотивированный характер, т.е. к учебной деятельности побуждает школьника не один, а ряд мотивов различного свойства.

Ключевые слова: школа, образование, младший школьный возраст, мотивация, учебная деятельность, отметка, отчуждение, эффективность учебного процесса, процесс познания.

Школа в жизни ребенка является серьезным и наиболее ответственным этапом. Коренным образом меняется его жизнь: с одной стороны, становится напряженнее, а с другой, — расширяется и обогащается. Он обретает новый статус — ученика, у него появляется новый, тяжелый и заслуживающий уважения труд — учебная деятельность. Овладевая учебными действиями, младший школьник начинает решать соответствующие его возрасту и психосоматическим возможностям задачи разного уровня сложности. Умение и желание успешно учиться характеризуют младшего школьника как субъекта учебной деятельности, обладающего вместе с тем такими важными личными качествами, как самостоятельность, ответственность, умение управлять собой, преодолевать усталость, скуку (5).

Учебный процесс мы изначально полагаем как причастность ребенка к сложному процессу познания. Чтобы процесс познания оказался субъективным мы должны удержать ребенка в этой причастности (1). Причем эта причастность должна развиваться, это мы называем учебной мотивацией.

Мотивация оказывает самое большое влияние на продуктивность учебного процесса и определяет успешность учебной деятельности (6). Отсутствие же учебной мотивации является показателем непричастности ребенка к учебному процессу и личностно-отчужденному характеру последнего.

Мотивация – это довольно общее, широкое понятие. В настоящее время как психическое явление она трактуется по-разному.

В современной психологии слово «мотивация» используется в двояком смысле: как обозначающее систему факторов, детерминирующих поведение (сюда входят, в частности, потребности, мотивы, цели, намерения, стремления и многое другое) и как характеристика процесса, который стимулирует и поддерживает поведенческую активность на определенном уровне (5).

Мотивация – это внутренняя психологическая характеристика личности, которая находит выражение во внешних проявлениях, в отношении человека к окружающему миру, различным видам деятельности.

Деятельность без мотива или со слабым мотивом либо не осуществляется вообще, либо оказывается крайне неустойчивой. От того, как чувствует себя ученик в определённой ситуации, зависит объём усилий, которые он прилагает в своей учёбе. Поэтому важно, чтобы весь процесс обучения вызывал у ребенка интенсивное и внутреннее побуждение к знаниям, напряженному умственному труду.

Развитие школьника будет более интенсивным и результативным, если он включён в деятельность, соответствующую зоне его ближайшего развития, если учение будет вызывать положительные эмоции, а педагогическое взаимодействие участников образовательного процесса будет доверительным, усиливающим роль эмоций и эмпатии.

Большое место в мотивации младшего школьника занимает отметка. Не все дети начальных классов хорошо понимают объективную роль отметки. Отметка выражает и оценку знаний учащегося, и общественное мнение о нем, поэтому дети стремятся к ней не собственно ради знаний, а ради сохранения и повышения своего престижа. В связи с этим младший школьник может использовать и неприемлемые пути для получения желаемых отметок, склонен к переоценке своих результатов: большинство детей начальных классов, получивших разные отметки (кроме «5»), уходят домой из школы недовольные, считая, что они заслужили более высокие отметки, а учителя занизили их; а другие - привыкают к своим неудачам, постепенно теряют веру в свои силы и становятся совершенно безразличными к получаемым отметкам (5).

Таким образом, младшие школьники придают такое большое значение отметке, необходимо, чтобы она приобрела другой смысл, чтобы они рассматривали ее как показатель уровня знаний и умений. Отметочная мотивация требует особого внимания учителя, так как она таит в себе опасность формирования эгоистических побуждений, отрицательных черт личности и отчуждения от образовательного процесса, вообще (2).

Учение имеет полимотивированный характер, т.е. к нему побуждает школьника не один, а ряд мотивов различного свойства.

Работа же по формированию мотивов учения предполагает наличие трёх блоков, каждый из которых имеет свой набор компонентов, представляет свой вид деятельности и рассматривается с позиции получаемого результата, который выступает основанием для использования в других блоках. (6).

Таким образом, каждый новый блок возникает на основе предшествующего и становится на данном этапе приоритетным, управляющим и подчиняющим себе другие. В зависимости от учебной ситуации один блок может пронизывать или дополнять другой. Так, эмоционально-волевые проявления младших школьников становятся мотивом поведения, ориентированного на достижение цели. В развитии способности к целеполаганию, важная роль отводится умению ребёнка управлять своими эмоциями, поведением и деятельностью. В свою очередь, благодаря развитию самостоятельности у младших школьников формируется умение ставить цель и предвидеть результат предстоящей деятельности. Параллельно у ребёнка проявляются такие качества как инициативность, любознательность, что позволяет ему управлять своими эмоциями и регулировать своё поведение (2).

Главная задача эмоционального блока - вызвать у учащихся любопытство - причину познавательного интереса (создание ситуации успеха, через выполнение заданий посильных для всех учащихся; положительный эмоциональный настрой, через создание на уроке доброжелательной атмосферы доверия и сотрудничества, яркую и эмоциональную речь учителя; рефлексия, через оценку собственной деятельности и деятельности других, оценку результата деятельности, вопросы, требующие многовариантных ответов; занимательность, необычное начало урока, через использование музыкальных фрагментов, игровые и соревновательные формы, юмористические минутки).

Мотивационно-целевой блок решает задачу обучения учащихся целеполаганию в учении, осознания целей учения и их реализации (прерывание и незавершённость учебной деятельности, через создание ситуации дефицита знаний и самостоятельное определение целей последующей деятельности; предоставление права выбора, через разноуровневые задания; реакция на ошибку, через приём "лови ошибку", выяснение причин ошибок и определение последующих действий;

практическая направленность, через соотнесение учебного материала с конкретной жизненной ситуацией).

Познавательный блок направлен на формирование учебной деятельности, которая характеризуется умением самостоятельно выделять учебную задачу (проблему) и овладевать новыми способами учебных действий, приёмами самоконтроля и самооценки своей учебной деятельности (включение учащихся в групповую деятельность, игровые и соревновательные формы, взаимопроверку, приём "метод проб и ошибок", оказание учащимися помощи друг другу; создание проблемной ситуации; сотрудничество на уроке, через совместное решение проблемы и разрешение противоречий, эвристическую беседу, учебную дискуссию, выделение существенных признаков предметов, классификацию, обобщение, моделирование; стимулирование деятельности, через оценку, благодарность, словесное поощрение, выставку лучших работ).

Таким образом, учебная деятельность ребенка побуждается не одним мотивом, а целой системой разнообразных мотивов, которые переплетаются, дополняют друг друга, находятся в определенном соотношении между собой (2).

Обобщая сказанное, можно сказать, что учебные занятия, качественно организованные в подходах развивающего обучения, выстроенные с учетом задач возраста, предполагающие возможность быстро и

гибко реагировать на изменения, происходящие с ребенком, способствуют формированию и сохранению учебной мотивации, и тем самым снижают вероятность отчуждения от учебного процесса

Литература

1. Коломинский Я.Л., Панько Е.А., Игумнов С.А. «Психическое развитие детей в норме и патологии». –СПб.: Питер, 2004.- 480с.
2. Маркова А.К. и др. Формирование мотивации учения: Книга для учителя. – М.: Просвещение, 1990
3. Мотивация и личность / А. Маслоу. 3-е изд. – СПб: Питер, 2003. – 352с.
4. Психическое развитие младших школьников / под ред. В.В. Давыдова. Москва.: Педагогика. 1999.
5. Столяренко Л.Д. Педагогическая психология. Серия «Высшее образование». – 3-е изд., перераб. и доп. – Ростов н/Д: «Феникс», 2004.
6. Щукина Г.И. Проблема познавательного интереса в педагогике. – М.: Педагогика, 2002.

Түйін

Берілген мақалада оқу іс-әрекетінің көзі ретінде, сонымен қатар, оның жетістігімен тиімділігін анықтаушы ретінде бастауыш сынып оқушыларының оқуға ынталандыру мәселесі қарастырылған. Жүргізілген теориялық сараптаманың негізінде мынадай болжам қалыптасады: оқу көпдәлелді сипатқа ие, яғни оқушыларды оқу іс-әрекетіне бір ғана емес, ал бірнеше ынталандыру түрлері түрткі етеді.

Summary

Motivation of educational activity of younger pupils. Article deals with issue of motivation of teaching to younger students as a source of learning activities, as well as determining its success and efficiency. On the basis of the given theoretical analysis it is formulated on the assumption that learning has polimotivated character, ie, educational activity is encouraged by not just one but a number of different motives.

ӘОЖ 327

Отарбаева Г.К.- т.ғ.к, доцент, **Ахметов Д.М.** - магистрант
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

АРАБ ӘЛЕМІНДЕГІ САЯСИ ТОЛҚУЛАР: ЖАЛПЫЛАМА ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІГІ

Андатпа: Бұл мақалада Солтүстік Африка мен Таяу Шығыс аумағында болған саяси, экономикалық және әлеуметтік толқулар сипатталған. Күрделі зерттеу нәтижесінде, «түсті революциялардың»шығу себебтері, оның қарқынды дамуы және нәтижелері анықталды.Терең әлемдік жаһандану процесі араб әлеміне әсері және сыртқы факторлардың барысында болған төнкерістер сипатталады.

Кілттік сөздер: сыртқы саясат,араб көктемі, халықаралық қатнастар,араб әлемі,жаһандану

Арабтың Шығысы - жиырма шақты ірі, орта және шағын мемлекеттер бірлестігінен құралған, және олардың әрқайсысы, ортақ аймақтағы елдердің жалпы ерекшеліктерімен бірге, өзара өзгешеліктері мен айрықша сипаттамаларға ие.

Бұл көрініс Ұлы Араб революциясының туындауында, дамуы мен нәтижесінде (аралық), сонымен қатар саяси толғаныс кезеңінде, бұрын-соңды болмаған тереңдік пен үлкен ауқымда анық байқалады.

Таяу Шығыс пен Солтүстік Африканың (ТШСА) кең байтақ өңірінде орын алған Ұлы Араб революциясы кезеңінде, елдердің үлкен бөлігінде, ағымдағы саяси биліктің авторитарлық үлгісі құрдымға кетті. Бұл туралы саны айтарлықтай көп мамандар мен аймақ мәселесі бойынша сарапшылар - «кеше ғана», осы аймақтағы саяси билік құрылғыларын тарихи дәстүрге негізделген, әбден жеткілікті дамыған, - деген пікірде болатын.

Билік басындағы басқарушы авторитарлы режимнің кесірінен, бұрын – соңды болмаған саяси толқулар нәтижесінің әсері, орны толмас жүйелі қателіктерге әкеліп соқтыруы заңдылық еді. Оларды атап көрсетсек: биліктің шоғырлануының шектен шығуы, билікті қайта бөлуді реттейтін конституциялық ережелердің бұзылуы, билікті жоғалтуы, кіші және орта бизнестің әлеуметтік – экономикалық және саяси өмірдегі рөлінің маңыздылығын бағаламауы, тоқтаусыз сыбайлас жемқорлыққа тиімді жауаптың болмауы және т.б.

Саяси толқудың бірінші ортақ нәтижесі ретінде, XX ғасырдың 70 – 80 жж. араб елдеріндегі жандана бастаған, саяси және экономикалық реформалар процесін атап айтуға болады.

«Араб көктемі» орын алған елдердің көпшілігінен, авторитарлық режимнің ыдырауы мен дәстүрлі партиялардың, саяси – қоғамдық өмірдегі рөлінің құлдырауы мен саяси вакуумның әсері өткір сезілді. Олардың орнын, көптеген тұстарының әлі қалыптасуы аяқталмаған, жаңа оппозициялық партиялар және қозғалыс күштері толтырды. Бұл жағдай онсыз да басым болып тұрған ішкі саяси ахуалдың тұрақсыздығы дәрежесін жоғарылата түсті. Жаңа саяси акторлар арасындағы, билік үшін күрестің, көрінетін және жасырын тұстары күшейіп, кейде тіпті өткірлене түсті. Бұл жағдайда, ескі саяси күштердің, институттардың және құрылымдардың процеске араласуы нәтижесінде нашарлай түсті.

Атап айтқанда, Тунистегі, Мысырдағы, Ливиядағы және т.б елдердегі саяси ландшафтарды «тазарту» жұмысының нәтижесі, саяси шығармашылық пен бәсекелестікке ие оппозицияның толықтай дерлік жоғалуына алып келуі, саяси өмірдің азғындауы, сонымен бірге, ұлттық тетіктің саяси элитаны қалыптастыруымен тең. Бұл аталғандар демократиялық үрдістерді, институттар мен азаматтық қоғамдарды нығайту үшін керек қажеттілік болып табылады.

Өткір жүйелік дағдарыс жағдайында, елдердің астан-кестен болған, және жалпы күтпеген жағдайдағы, толықтай саяси күйреуге жақындауы туралы болжам пайда болып, ал нағыз биліктің болмауы, авторитарлық режимдердің ыдыраған жағдайында айтулы белгіге айналды. Осы аталған жазықтықта жүйелі дағдарыс кезеңіндегі, әскерилердің рөлі туралы мәселе туындайды. Ескерерліктей үлгі тұтатын жағдай, Мысырға азаматтық соғыстың өршу қаупі жақындағаннан кейін, саяси құралдар мен қоғамдағы жағдайға елеулі ықпал ететін тетіктердің қатты әлсіреуінен соң, тек әскер ғана үлкен елді апаттан, мемлекет пен азаматтық соғыс эрозиясынан, өзінің төрешілік шешуші рөлін ойнап, аман алып қалды. Алайда, М. Мурсиді биліктен шектеткеннен кейінгі әскердің рөлі мен жағдайы толығымен - саяси өмір шеңберінен шығып, бұл елдің саяси сахнасында басты акторлар әрекеті күрт өзгеріп, ол тағы да өте қауіпті сипатқа айналды...

Өңірдегі елдердің ендігі басты ерекшелігі, жаппай наразылық шараларын дайындау үшін, жаңа технологияларды игеру болды. Осының тікелей салдары ретінде, режимнің оппозицияны әкімшілік ресурстарды пайдалану арқылы соңғы шегіне дейін әлсіретіп, тіпті құбылыс ретінде жойылғанға дейін жеткізуі де ғажап емес. Нәтижесінде, жаңа технологиялар саяси саладағы күресте, көптеген дәстүрлі, саяси институттар мен күрес әдістерін алмастырды.

Негізінен «Араб көктеміне» тән сипаттағы ерекшелігін атап айтқанда: көбіне билік үлгісіне қатысты сұрақтар, оның ауысымы туралы таңдаудың қай жаққа түсетіні, сол шыл тұсы – популистік идеялар, оң шылдылы бераль ды – демократиялық және т.б., ал ол қазіргі заманғы немесе көнерген дүние құрылымы үлгілерінің аралығында туындайды. Қазіргі заманғы элементтерді қалыптастыру мен азаматтық қоғам құрылымы – және көнерген заман - жартылай қаусаған немесе қайта құрылатын институттар мен өктемшіл биліктің құрылымдары арасындағы күресті қиындатып, олардың қарсыластығының кем түспеуі және жеке елдерде тіпті өрши түскендігі, сонымен қатар жаппай наразылық нәтижесінде олардың кейбіреулері азаматтық соғыс кесірінен, бұл күйзеліске тап болғандығы назардан тыс қалмады.

Олар кейде аймақтағы басқа да елдердегі ортақ себептері мен мән-жайларына қарағанда, кем дегенде, болған және болатын өзгерістерге үлкен мән берді. Ал бірқатар елдерде, әсіресе Ливия мен Сирияда, саяси дағдарыс азаматтық соғысқа ұласты.

Тунисте, Мысырда және Йеменде жағдай ең қауіпті параметрге көшіп, ауқымды азаматтық соғыс орын ала бастады. Алайда, ішкі және сыртқы акторлардың күш салуымен, кей жерлерде бір тәсілмен, Мысырдағы жайдайдағыдай, немесе Йемендегідей бірнеше тәсілмен алдын алуы сәтті аяқталды.

Міндетін атқарушы көшбасшылардың биліктен кетуге мәжбүр еткен соң, азаматтық соғыстың алдын алу мүмкіндігі туындаған. Бірақ, олардың билікке жармасқан тұстарындағы зардабы, әлдеқайда қайғылы болып, азаматтық соғыс жаңа қарқынмен күшейе түскеннен кейін, зор материалдық шығындар мен көптеген адамдардың құрбандықтарына әкеп соқты.

Кейбір төмендегі елдерде - Мароккода, Иорданияда, Кувейтте, Оманда наразылық қозғалыстар түрлі себептердің күшімен, «аман-есен» сөніп, жалпы режимге қауіп төндірген жоқ. Белгілі бір дәрежеде, бұндай әділ бағалау Алжирге де қатысты, дегенмен бұл елдегі де ахуал қауіпті сипатқа жақындай түсті.

Бахрейндегі наразылық қозғалысындағы ерекше жағдай, ауқымды азаматтық қақтығыстардың (соғыс) және қуғын – сүргіннің алдын алу үшін сыртқы факторлардың, жаппай шешуші рөл атқаруы.

Саяси қақтығыстар әсер еткен елдердің көпшілігінде, ислам спектрінің саяси күштері жетекші болып табылды. 2005 жылы Мысырдағы сайлауда, әкімшілік ресурстарды пайдалану шарттары арқылы исламисттердің 20% дауыс беруі, сол кездің өзінде, олардың қоғамға деген елеулі салмағы мен ықпалын көрсетіп, тіпті парламенттегі орындар үлесіне қарағанда әлдеқайда көп болды.

«Араб көктемі» көрсеткендей, «ислам лүпілі» - дағдарыс шарттарындағы және наразы көңіл күйлеріндегі кең спектрлі, бір қалыпты оппозицияны таңдауы, әсіресе (бірақ тек ол ғана емес) қалыпты ислам өкілдерінің, сондай-ақ оларды сайлаудағы түрлі деңгейдегі депутаттық орындарды жеңіп алуға мүмкіндік беруі; кең көлемдегі ислам спектріндегі оппозицияның бұрынғы режимдерінің жүйеден тыс деңгейге дейін төмендеуі сияқты, ең келеңсіз салдарға ие болып, басқа да факторлармен қатар, «серіппемен» бұқаралық наразы қозғалыс та қосылды.

Ерекшеліктер негізінде кейбір елдерде арасындағы қақтығыстар әсерінен - Йемен және Бахрейнде - конфессиялық немесе тайпалық факторлардың, наразылық қозғалысының дамуында, шешуші рөлді атқарғанын атап өту қажет.

Сонымен қатар, осы немесе басқа да сыртқы күштер жағдайға ықпал етуге ұмтылды.

Терең дағдарыс, авторитарлық билік үлгісінің ыдырауы, демократиялық үлгінің элементтерін орнығуы және тамыр алуы, азаматтық қоғамдағы өзгерістердің мәнін құрауы Солтүстік Африка мемлекеттерінен басталған. Соңғы жылдарда аймақтағы орын алған оқиғалар көрсеткендей, бір қарағанда әрбір араб елдеріндегі өзгеріс процесі бір үлгі бойынша құралғандай, бірақ келесі жағынан үлкен өзгешеліктер байқалады. Бұл аймақтағы елдердің әртүрлі әлеуметтік – экономикалық деңгейде болуы және әлі де болып келетінін ескерсек, әрқайсысында орын алған саяси құрылымның үлгісі, авторитарлығы негізі

мен басқа да сипаттары бойынша бір - бірінен ерекшеленді. Осылайша, Мысырда ұзақ уақыт аралығында, 1952 жылғы шілде революциясына дейін көппартиялы жүйе, көппартиялы парламент - Ұлттық Ассамблея қолданыста болды. Ал Ливия көп партиялықты да немесе парламенттік жүйені де білмеді. Алжир негізінен, ХХ ғасырдың 90 – жылдарының басына дейін бірпартиялы режимнің шарты бойынша, әскери биліктің ықпалымен өмір сүрді. Бұл жылдары елді «іс - жүзінде» әскери элита басқарып, негізгі шешімдер құқық қорғау органдарының басшылары келісімімен қабылданды. Мароккода тәуелсіздік жағдайында қалыптасқан биліктің саяси үлгісін, конституциялық парламенттік монархияға ретінде анықтауға болады, ал жекелеп қарастырғандағы маңыздысы, бұл тұста монарх тек қана «патшалық құрып қана қоймай, басқарады да», сонымен қатар маңызды шешуші ролді корольдік «сарай» атқарады. Осыған үлгі ретінде, мароккондық билік монархтарды «көше» қысымының астына алып, өкілеттіліктеріне аздап тосқауыл қойды (оппозицияның аздаған бөлігінің ойы бойынша). «Дустур социализмінің» айнасы болып саналған Тунистің өзінде, президенттік - парламенттік республика, уақыт өте келе, қатаң авторитарлық билік үлгісінің абсолюттік сипатына айнала бастады, атап айтқанда, Мысырдағыдай, соңғы кезеңде қалыптасқан үрдістің ерекшеліктері – билік тізгіні мұраға қалдырылып отырғаны байқалды.

Аумақтағы оқиғаның дамуы сценарийлерінің бірі - түріктік, оның ішіндегі ең өркениеттісі – билікке қалыпты исламдық пікірлес күштердің келуі.

Ирандық нұсқа немесе билікке келген молдалар және теократиялық мемлекет құруы көбінесе орындалмас іс ретінде қарастырылды. Мүмкін, Ливиялық нұсқа іске асар, немесе азаматтық соғыс, бірақ бұл уақытша құбылыс және географиялық шектеу ретінде қарастырылады.

Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка аймағы, күмәнсіз «тарихи торабында» орналасуы және елдің аймақтағы жақын болашаққа қатысты сараптамалық қоғамдастықтың арасындағы пікірлер мен бағалау маңызды болып саналады. Ұлы Араб революциясының зардаптарын Солтүстік Африка мен Таяу Шығыс елдеріндегі әрбір даму бағытының қысқа мерзімі мен орта мерзімі ғана емес, ұзақ мерзімді келешекке деген үмітін айқындайтын болады. Бұл бағыттағы ең бастысы, негізінен, екі үрдістің күресінен туындауы, бірақ кей кезде тек олардың әсерінен ғана емес. Бір жағынан, нағыз билік жүйесін сақтап қалу үрдісі тек шағын топтың қолында болып, негізінен немесе ішінара таныстырылған құқық қорғау органдарының басы, бәлкім жоғарыда атап көрсетілген «сарай» (ішкі шеңбердегі көшбасшылар, мемлекет басшылары) тұсындағы қайта құру процестері, косметикалық немесе қарсы демократиялық реформалардың әсері зор болды.

Ал басқа жағынан, араб көктемі нәтижесі ретінде, негізделген азаматтық қоғам институттары мен құрылымдар үрдісін қалыптасуы шын мәнінде жүзеге асты. Өзіне тән ерекшеліктерімен туындаған екінші үлгі, мүмкін тарихи шектеулі кезеңде, саяси күштердегі ислам спектрінің үстемдігі, негізінен қалыпты исламды білдіретін болады. Мүмкін саяси дамудың үшінші және төртінші бағыты пайда болып, саяси биліктің трансформациялық үлгісі - салыстырмалы түрде айтсақ, «ливиялық» (елді мүмкін бөле отырып), пайда болған бірнеше керемет орталарықтардың қайда орналасуы (елдердің тарихи аумақтары мен тайпалық белгі бойынша бөлінуі), сонымен қатар, салыстырмалы түрде «мысырлық» бағыттың немесе «мысырлық үлгінің» - парламенттік демократияның элементтерімен, қатар, күшті авторитарлық президенттік билік тармағымен, расында тарихтың жүрісінен кейін, қайсы бір «тепе - теңдік» балансы құрылғандай.

Әдебиеттер

1. Алешин К. А. 2008. Ближневосточная экономика: цифры и факты // Азия и Африка сегодня, №7.
2. Беленькая М. 2006. Ближний Восток: большая политика «Большой восьмерки» // Азия и Африка сегодня, № 6.
3. Васильев А. М. 2011 а. Цунами революций // Азия и Африка сегодня, №3.
4. Вершинин С.В. 2006. Ближний Восток нуждается в переменах // /НГ Дипкуррьер, 30.01.2006.
5. Ткаченко А. А. 2004. Проблемы модернизации арабского мира // Азия и Африка сегодня, №4.

Резюме

В статье описываются локально территорияльные проблемы Северной Африки и Ближнего востока на фоне мировой глобализаций. Путем рассуждений и результатов исследований определенно причина возникновения «цветных революций» в исламском мире. Их цели ,схемы проведения операций, развитие сюжета под влиянием внешних факторов.

Summary

In article are described locally territorial problems of the North Africa and the Near east against world globalisations. By reasonings and results of researches definitely reason of occurrence «colour revolutions» in the Islamic world. Their purposes, the scheme of carrying out of operations, pazvume a plot under the influence of external factors.

АДАМНЫҢ САНАСЫ НЕМЕСЕ ТАРТЫЛЫС КҮШІ

Түйін

В статье рассматриваются вопросы секреты о сознании и подсознании человека. Прочитав эти статьи и открыв для себя Тайну, вы узнаете, как получить или сделать все, что вы хотите, как стать тем, кем вы хотите. Вы придете к пониманию, кто вы есть на самом деле. Вы осознаете истинное величие – оно ждет вас впереди.

Summary

Questions secrets are considered In article about consciousness and subconscious of the person. Having Read these article and open for itself Secret, you will hear, what get or do all that you want, what become that, whom you want. You will come to understanding, who you there is indeed. You osознаете the true greatness - it waits you ahead of.

Ағылшынның ұлы ғалымы, математик, физик, классикалық механиканың негізін салушы И.Ньютон бүкіл әлемдік тартылыс заңының нақты теориясын жасап шықты. И.Ньютон физикалық әлемдегі материялық нүктелердің барлығы да бір бірін гравитациялық полярда центрлік тартылыс күшімен үздіксіз тартатынын дәлелдеді. Осы тартылыс заңдылығы шын мәнінде барлық тіршілік иесінің өмірінде ең маңызды функцияларды атқарады. Бұл біздің ойымыз бен ниетімізде, ықыласымыз бен қалауымызда, армандарымыз бен мақсаттарымыздың орындалуына да ақпараттық-энергетикалық деңгейде абсолютті қызметтер жасайды. Осы тартылыс заңдылығының құпиясын адамзат баласының басым бөлігі ғасырлар бойы терең түсіне алмай келді. Оның ауқымды кеңістігі мен алапат күшін білгір ғалымдар да құпия ұстауға тырысты. Ғасырлардан ғасырларға жалғасып, ашылмай келген құпияны адамзат тарихындағы **Платон, Галилей, Бетховен, Эдисон, Карнеги, Ньютон, Эйнштейн, Эмерсон** сияқты кемеңгер оқымыстылар терең түсінді. Олар осы Ғаламдық тартылыс күшінің адамның санасы мен сезімі, табиғаты мен болмысы арқылы жұмыс жасайтынын терең ұғына отырып, өздерінің барлық ғылыми жобалары мен өнертабыстарын адамзат игілігі үшін жарыққа шығарып, өзіндік өмірлік позицияларын іске асырып кеткен.

Тартылыс заңы - Ғаламның ең ұлы әрі құпия заңы. Тартылыс заңы жайындағы концепцияларды кеңейтілген түрде әр түрлі дәстүрлерде, ғылым салаларында, әдебиеттерде, дін салалары немесе философиялық бағыттарда кеңінен қолданылды. Осы қасиетті заңдылықты өмірдің барлық саласында қолдана беруге болады. Мысалы: *табыс жолында, денсаулыққа, адамдар арасындағы кез келген қарым-қатынастың түрлеріне, бақытты өмірді қалыптастыруға, өмірдің барлық жағдайларында іске асыруға болады.* Бұл заңдылықты терең түсіне алсаңыз сіздің өміріңіздің барлық келеңсіз тұстарын бақытты өмірдің қалыптасуына алмастырып, түбегейлі өзгертеді. Осы құпия заңның астарында денсаулыққа, молшылыққа, бақытқа деген дұрыс көзқарас пен даналық жатыр. Мұнда барлық мәселе сіздің ойыңыз бен эмоцияңыздың қандай жағдайда жұмыс жасауында жатыр. Демек, сіз не ойласаңыз өміріңізде сол жағдайлар орын алады. Сіздің өміріңіз ойыңыз бен эмоцияңыздың ағымы арқылы өтіп отырады. Тартылыс заңын терең түсініп, өміріңіздің практикасына қолдансаңыз ғана сіз бақытты өмірдің, молшылық пен табыстың, қоршаған ортаға деген қарым-қатынасыңыздың гармониялық тепе-теңдіктегі формаларын қалыптастыра аласыз. Бұл заңдылық сіздің өміріңіздің барлық сферасында үздіксіз әрі абсолютті түрде қызметтерін атқарады. Тартылыс заңы сіздің қайда тұратыныңызға, қай жерде жұмыс жасайтыныңызға тәуелді болмайды, жалпы сіздің кім екеніңізге қарамайды. Осы құпия заң үшін сіздің қандай адам болғаныңыз да маңызды емес. Ең бастысы, сіздің ықыласыңыз бен қалауыңыз, мақсатыңыз бен арманыңыз, болашақта алдыңыздағы жоспарларыңыздың ақиқатты болғаны маңызды. Өмірдегі мақсатыңыз қандай, кім болғыңыз келеді, қайда жұмыс жасағыңыз келеді, қайда барғыңыз келеді, осындай шешілмеген түйіндердің барлығына жауапты осы жерден табатын боласыз.

